



«АМАНАТ» – КИЕЛІ ҰҒЫМ

4-бет

ЗАҢ

✉ zangazet@mail.ru

№18 (3446) 4 наурыз 2022



газеті

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

АНАҒА ҚҰРМЕТ КЕМІМЕСЕ ЕКЕН



Ислам дініндегі ең көркем құндылықтың бірі – ата-анаға құрмет. «Ата-анасына жақсылық жасаған бала пайғамбарлармен бірге жәннатқа кіреді» – деген тәмсіл бар Хадисте. «Жұмақ ананың аяғының астында», «Әке сөзі – Тәңірдің сөзі» дейді тағы бір даналық. Бұның бәрі айналып келіп адамзатқа жарық дүние сыйлаған ананың қадірін білуді тәпсірлейді. Бұл киелі ұлы сөзді әркім өз жүрегінде әдемі әріптермен әдіптейді.

(Жалғасы 2-бетте)

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Өмірсерік ҚОЖАБАЕВ,

«Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының отставкадағы судьялары» қоғамдық бірлестігінің төрағасы:

«ЖАУАПТЫЛЫҚ ЖОҚ ЖЕРДЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ КОНТРАБАНДА КӨБЕЙЕДІ»

– ҚР Жоғарғы Сотының отставкадағы судьялары жұмысынан хабарымыз бар. Бірлестік қоғамдағы мәселелерге үн қоса алып жүр ме?

– Отставкаға шыққанымен, ардагер-судьялар қоғамдық мәселелерден сырт қалған емес. Құқық қорғау, сот саласындағы жаңашылдықтарды үнемі бақылап, жаңа заңдардың сапалы дайындалуына, өз мәнінде қолданылуына үлес қосып келеді. Аға буын ретінде оң өзгерістерді құптап, кемшіліктерді көрсетуден шаршаған емеспіз. Отанымыз бір, мүлдем ортақ болғандықтан еліміздің дамуы, өркендеуі үшін аянып қалмасымыз анық. Өйткені, «Жаңа Қазақстанды» жалғыз адамның күшімен қалыптастыра алмаймыз. «Саусақ бірікпей, ине ілікпейді» дейді қазақ. Сол айтпақшы, бірігіп іс жасамасак, бос ұрандағаннан пайда жоқ.

Әрине, біздің бірлестіктің мемлекет мүддесі үшін дайындаған ұсыныстары толық шешіліп жатыр деп айта алмаймыз. Бұған дейінгі қаржыны қайтару, көлеңкелі экономикамен күрес туралы көтерген мәселелеріміз билік назарынан тыс қалды. Бір куанарлығы, Қаржылық мониторинг комитетінің экономикалық зерттеу қызметін ҚР Қаржы министрлігі Қаржылық мониторинг комитетінің құрамынан шығарып, Президентке тікелей бағынышты болатын агенттік құру жөніндегі ұсынысымыз ескеріліп, жүзеге асырылды. Алайда, елімізден қаржы шығаруға рұқсат беруінің негіздемесі, валютаны қайтару мерзімін сақтау және оның қайтару мерзімін ұзартуға рұқсат берудің заңдылығы бойынша Ұлттық Банктің қызметін тексеру туралы ұсынысымыз іске аспады. Отставкадағы судьяларды зейнетақымен

қамтамасыз ету бойынша ұсынысымыз Жоғарғы Сотқа кері жіберілді. Олар судьялардың әлеуметтік қамсыздандыру мәселелерін шешуге құқылы емес, өйткені, бұл мәселе заңнамаға өзгеріс енгізуді талап етеді. Алдағы уақытта ардагер судьялардың айтқаны Мемлекет басшысының құлағына жетеді деп сенеміз.

– Бізде көп мәселе Мемлекет басшысы араласқан кезде ғана шешіліп жатады. Құқық, заң саласын жетік білетін ардагер маман ретінде тағы қандай мәселелерге назар аударту керек деп ойлайсыз?

– Мені еліміздегі көлеңкелі экономиканың өсуі алаңдатады. Оның көлемі ЖІӨ-нің 17,8 – 32,8 пайызға дейін жетеді. Бұл – триллиондаған алынбаған салықтар деген сөз.

(Соңы 3-бетте)

Көктем мерекесі, 8 наурыз – Халықаралық Әйелдер күні құтты болсын!

ҚҰРМЕТТІ СУДЬЯЛАР, СОТ АППАРАТТАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ!

Сіздерді судьялар қоғамдастығы атынан 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күнімен құттықтаймыз!

Бұл күні нәзік жандылардың атына ізгі тілектер айтылып, кәсіби шеберлігі мен табандылығы үшін, өз қызметін үлкен жауаптылықпен табысты атқарғаны үшін құрмет көрсетіледі.

Қыз-келіншектер – әрбір сот ұжымының тірегі. Олардың қолы тиген істен тиянақтылық пен тазалық, мінсіз нәтиже бірден байқалып тұрады. Осы әрекетімен олар көшбастап, өздерінің кез келген түйткілді – тез шешуімен, өзгерістерді – жылдам меңгеруімен өзгелерге жол көрсетіп жүреді.

Әйел – отбасының алтын қазығы. Содан болар, «Әрбір жетістікке жеткен азаматтың артында мықты, ақылды әйел тұрады» деген тәмсіл дәл айтылған. Әйелдің ана ретіндегі абзал қызметін ештеңе алмастыра алмайды. Аналар бізге өмір сыйлаушы, тірлігіміздің сәні, жүрегіміздің мәні, жанұямыздың жылуы.

Бүгінгі таңда, қоғамдағы әйелдердің орны мен маңызы артты. Нәзік жанды қыз-келіншектер қазір кез келген саланы алға дөңгелетіп, бизнес, мемлекеттік басқару, саясат, денсаулық сақтау, білім беру саласында жетекші қызметтер атқаруда. Кәсіби жетістіктерден бөлек, олар сыйлаған мейірім мен әдемілік әлемді жақсы жаққа өзгертіп, жаңартып, жаңғыртуда.

Абзал ана, әдемі әйел, мейібан қарындастарымызды көктем мерекесімен құттықтай отырып, күн сайын жақындарыңыздың назарына, қамқорлығына және сүйіспеншілігіне бөлене беріңіздер деп тілейміз. Денсаулықтарыңыз мықты, көңіл-күйлеріңіз жоғары, сәттілік серік болып, әрдайым айналаға шуақ шашып жүре беріңіздер!

Сәкен АБДОЛЛА,
Қазақстан Республикасы
Судьялар одағының
төрағасы



ГЕНДЕР

Динар НҮКЕТАЕВА,
Парламент Сенатының
депутаты:

«МӘЖІЛІСТЕГІ ӘЙЕЛДЕРДІҢ ҮЛЕСІ 30 ПАЙЫЗҒА ЖЕТПЕЙДІ»

ҚР Парламент Сенатының депутаты Динар ЖҮСІП-ӘЛІҚЫЗЫМЕН әңгімеміз гендерлік теңдік, әйелдердің саясаттағы рөлі, отбасы мәселелері төңірегінде өрбиді. Өмірлік тәжірибесі көп білікті маманның әңгімесі де әсерлі.

«Ер – елдің иесі,
әйел – үйдің киесі»

– Жалпы, әйелдердің саяси қызметке қатысуы мемлекеттік басқару ісінің демократиялық сипатын қамтамасыз етіп, тиімділігін арттыратын фактор.

(Соңы 2-бетте)

АНАҒА ҚҰРМЕТ КЕМІМЕСЕ ЕКЕН

(Соңы. Басы 1-бетте)

«Білесің бе, бұл әлемге адамдар, Ана жайлы айту үшін келеді!» – деп жырайды ақын Ерлан Жүніс. Бұдан бірнеше жыл бұрын БАҚ бетіне жарияланған ақын Қайсар Қауымбектің «Анам айтқан жалған сөздер» шығармасы көпшілікті тәңті етіп, ауыздан ауызға тараған. Себебі, анаға арналған шығармада өтірік болмайды, анаға арналған өлеңдер еш қоспасыз, әсірелеусіз. Өйткені, Ана түсінігі күллі адамзат ұғымында кіршіксіз, шексіз. Ана ұғымы осы биігінде, осы мәртебесінде қалса дейсің, шіркін. Бірақ кейде адамзаттың негізгі өмірлік қағидасына айналуға тиіс бұндай сенімдер нақты мысалдармен аласарып жатады. Замана өзгермейді, адамдардың құндылығы ғана өзгереді. Кеше бір танысымыздың анасы «сендердің жұмыстан қолдарың тимейді, маған сол жер дұрыс» деп өз еркімен карттар үйіне кеткенін естідік. Қатерлі ісікке шалдыққан келіншегінің науқасынан «әбден сансырап кеттік, не ары, не бері болмай» деп күрсінген жігітті көрдік. Енді бүгін екі бүйрегі бірдей істен шығып, мүгедек болып қалған келіншегің төркініне апарып тастаған отағасының жайын естідік. Бір қарағанда бұның бәрі кінәмшіл қоғамның көзге бірден ұратын келеңсіздіктері ғана болып көрінер. Әйтсе де, адамдықтың өлшемі өзгермесе керек-ті. Анаға деген көзқарас әрбірден кейін адами парыз бен қарыздың өлшемі. Яғни, ол сол ананың, жолдасының, баласының да моральдық, адами бет-бейнесінің өлшемі. Таразыға салынған аяулы сезімдер, адамның ішіндегі асыл жіптер осындай ауыр сынақтар арқылы неге үзілуге тиіс-ті?! Жүрегі жаралы ана үшін дерттің ауыры осы шығар. Адамның адамдығы да осындай үміттерді үзбей, үкілей алуында ғана. Ендеше, ізгілік, имандылық, парыз бен қарыз жайлы ойлап, жүрегіміздегі аяулы есімдерді түгендеп жүрейікші.

Ж. ҚҰДАЙБЕРГЕН

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Ырысбек ДӨБЕЙ, жазушы:

ҚОРҒАНСЫЗДЫҢ КҮНІ

Түн жарымында біраз уақыт бұрын көршіміз болған, неше жылдан бері гемодиализге тәуелді әйелдің бақилық болғаны туралы суық хабарды естідім. Тағдыр талайы көз алдымызда өткен марқұмның қазасы жүйкені босатып, кеңілге шер ұялатты. Соңында кәмелетке толмаған жалғыз қызы қалды. Жарықтықтың ғұмырын жалмап, айықпас ауруға душар еткен азапты өмірі сол қызын жарық дүниеге әкелген кезде басталған еді. Қала іргесіне көшіп келерден ілгері шалғай ауылдың бірінде тұрған бейбақ әйелді ауыл ауруханасында бұрын хирург болған «гинеколог» босандырып, бүйрегі содан бүлінген. Әйел байғұс еш жауапкершілік арқаламайтын біздің қоғамның қорғансыз құрбаны болып кете барды. Екі күннің бірінде аппаратқа таңылып, қанын сүздіретін жарымжан әйелді кім әлпештей қойсын, отбасында да көзге шыққан сүйелдей сүйкімсіз пендеге айналды. Ақыры төркініне барып тұрақтады. Қайран өмір қажыды, қаусады. Тірі кезінде (көрші болып отырған кезде) мен ол марқұм әйелмен сөйлесіп, азапты өмірін әңгімеге арқау еттім. «Көңбіс» дееен әңгіме қазақша, орысша оқырманға жол тартты. Марқұм өзі де оқыды оны. Қорлық пен мазәқтан сүйегі жасып, ішіне өксік пен нала бұққан бейбақ әйелдің жаралы жаны мұны да медәу тұтты. Ешкімге естілмейтін жан айқайы сәртте қашқандай, қайырымсыз қоғамның безбұйрек бетіне бар шындығын басып айтқандай қанаттанды. Әттең, одан не қайыр?! Жауапсыз дәрігер жауапқа тартылмады, жақыны жанынан табылмады. Қорғансыз әйел көктемнің бұлыңғыр, сұр тұман шөккен сылбыраң түнінде мәңгілік сапарға аттанды.

Ертеректе классик жазушымыз Әуезовтің «Қорғансыздың күні» секілді шығармаларын оқығанда қазақ әйелінің қасіреті, мұң-наласы өткен дәуірге ғана тән секілді сезілуші еді. Жоқ, еш өзгермеген сексист қоғамда қорғансыздың «күні» батпайды екен.



Динар НҮКЕТАЕВА, Парламент Сенатының депутаты:

«МӘЖІЛІСТЕГІ ӘЙЕЛДЕРДІҢ ҮЛЕСІ 30 ПАЙЫЗҒА ЖЕТПЕЙДІ»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Өйткені, әйелдер қоғамдық мүдделердің кең ауқымына назар аударып, еркек саясаткерлер тарапынан ескерусіз қалатын мәселелерді көрсете алады. Әйелдердің түйсігі, тәжірибесі бұл тұрғыда еркектерден артық. Жалпы қазақ қоғамында әйелдің бұл қасиеті қашанда айрықша бағаланған. Бұған мысалы Тұмар ханымның, Домалақ ананың, одан беріде Абайдың әжесі Зеренің елдік, ұлттық мәселелерді шешудегі атқарған рөлін мысалға келтіруге болады. Шығыс әйелдерінің табиғаты бөлек, бізде ер адамға деген үлкен құрмет, сый бар. Мен өзім отбасында осыны көріп өстім. 96 жасқа келіп қайтыс болған үлкен әжемнің, анамның ер-азаматқа деген құрметі ерекше еді. Олар қай кезде де тек отбасы, ошақ қасының ғана шаруасымен айналысып қоймай, өз жұбайының әр кезде ақылшысы, кеңесшісі болып өтті. «Ер – елдің иесі, әйел – үйдің киесі» деген санамызға сіңген накыл бар. Отбасы шағын мемлекет десек, әйелдің осы өз шаңырағындағы рөлі, қызметі, тәжірибесі саясатқа да керек.

Гендерлік саясат өте нәзік мәселе. Оған қырын қарауға болмайды. Міндетті түрде онда елу пайыз әйел болсын, елу пайыз еркектер болсын деп кесіп-пішу тағы ұшқарылық. Бұл ретте ер адамның да, әйел адамның да мүмкіндіктерін қарау керек деп ойлаймын. Әлеуметтік мәселе әйелдердің күнделікті өмірінің бір бөлшегі. Ол қайда барса да алдынан шығады. Жайлы баспана, күнкөріс деңгейі, денсаулық сақтау қызметінің сапасы, болашағымыз – балалардың қажеттілігінің кем-кетігін әйелден артық кім бағамдап, түсінеді? Ал, мұның бәрі адам капиталының сапасын арттырып, бәсекеге қабілетті ел болуымыздағы шешуші фактор. Гендерлік стратегияға осы тұрғыда келу керек. Бұл жерде тек әйелдердің санын ерлермен теңестіру ғана көзделмейді. Мақсат – әйелдерді саяси билікке тарту арқылы қоғамдағы өзекті мәселелердің жүйесін анықтау, шешімін іздеу. Мысалы, қазір біз Парламентте Ресейдегі секілді Ана капиталын енгізуді көтеріп жатырмыз. Бұған қаржылық мүмкіндігіміз жетеді. Сол секілді, үкіметке күнкөріс деңгейін арттыру жөнінде талап қойдық. Қазір оның көлемі 36 мың теңге. Ал кедейлік деңгейі 24 мың теңге. Президентіміз өткенде Парламентте жасаған мәлімдемесінде елімізде 1 миллионға жуық азаматтардың өмір сүру деңгейінің өте төмендеп кеткенін айтты. Осы күнге дейін ел Үкіметі еңбек нарығын қалыптастыру мен тұрақтандыруға арналған стратегиялық бағдарлама ұсына алмады. Еңбек нарығындағы қайшылықтарды зерделеуі, бәлкім көзге ілмеуі ел ішінде әлеуметтік шиеленістердің тереңдетіп жіберді. Қаңтар оқиғасы осының бәрін жайып салды, Бұл жерде ең басты мәселе – әлеуметтік жағынан аз қорғалған әлсіз отбасыларға көмектесу, еңбекке жарамды мүшелерінің табыс табуына мүмкіндік туғызу керек. Біз осы мәселені көтеріп жатырмыз.

Мемлекеттік қызметте әйелдер 50-55 пайызға жетіп қалды

– Қазіргі кезде Сенаттың 49 депутатының 9-ы, яғни 18 пайызы әйелдер. Ал, Мәжілістегі әйелдер барлық депутаттың 27-28 пайызына тең. Онда әлі 30 пайызға жете алмай отырмыз. Бірақ мәслихаттарда осы деңгейге жетіп қалды, кейбірінде тіпті асып кетті.

Президенттің тапсырмасы бойынша Сайлау туралы заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, жастар мен әйелдер үшін 30 пайыздық квота енгізілгенін білесіздер. Депутаттық мандатты бөлген кезде әйелдер саны 30 пайыз болу керек еді. Осы уақытқа дейін ол сақталған жоқ. Жуырда тағы аталмыш заңға түзетулер енгізіліп, бұл талаптың сақталуы арнайы нормамен дәйектелді. Енді партиялар бұған міндетті болады. Сонымен қатар, тағы бір енгізілген өзгеріс бойынша аталмыш квотаны енді мүмкіндігі шектеулі жандармен бөлісетін болдык. Негізі, әйелдердің өзі осы квотаны иемденсе дұрыс болар еді.Бұл жөнінде Мемлекет басшысы тапсырма берді. Бұған да келерміз деп ойлаймын. Мысалы Еуропаның алдыңғы қатарлы мемлекеттері осындай жолмен барлық салада гендерлік теңдікке жетті. Сондықтан бұл қажет шара. Бізде

менің анам. Менің анам жетім өскен. Тоғыз жасында анасынан, кейін әкесінен қалған. Үш ағасының бірі соғысқа кетіп қайтпай қалған. Содан ба еті тірі кісі болды. Оқуға бірнеше рет келіп жүріп, табандылығының арқасында түскен. Қыздар педогогикалық институтын бітірді. Зоветеринарлық институтта оқып жүрген әкеммен студент кезінде танысқан. Әкемді институтты тәмамдаған соң жолдамамен Талдықорған облысының Алакөл ауданына жіберген. Анам еш қарсы болмай, әкеме еріп жүре берген. Бастарында баспана жоқ, сол ауылдың ветеринарлық саниатрының үйінде тұруға мәжбүр болады. Одан соң да әкемнің қызметі ауысып, Алматыдан 700 шақырым қашықтықтағы бір кеңшарға қоныс аударуға тура келеді. Әкем осы шаруашылықты көтеріп, оның аты Одақ деңгейіне дейін танылды. Ол кезде қазіргідей қонақ үй, мейрамхана деген жоқ. Жан-жақтан озат шаруашылыққа келетін қонақтар көп. Анам солардың бәрін өзі күтетін. Күн демей, түн демей келген қонақтың бабын келтіруден жалықпаушы еді. Әкемнің қашанда қас-қабағына қарап, күтімін жасайды. Әкеміз кейде ашуланып, кейде шаршап келеді. Қызметі бірде өсіп, бірде түсіп қалған сәттері де болды. Соның

мемлекеттік қызметте әйелдер 50-55 пайызға жетіп қалды.

«Ұлттық дәстүрімізді жаңғырту маңызды»

– Өкінішке қарай, бізде қартайған ата-анасын карттар үйіне апарып тастап, оларды зейнетақысы түсетін кезде іздейтін балалар бар. Бұл біздің шетелдіктерге көп еліктеуіміздің салдары. Оларда туыстар, тіпті, әке мен бала бір-біріне бауырмалдық сезіммен емес, экономикалық есеппен қарым-қатынас жасайды. Мысалы, әке мен бала кафеге барса әркім өз тамағының ақшасын бөлек төлейді. Сол секілді бір-бірінің үйіне баратын болса, алдын ала ескертіп, белгіленген уақытта ғана келуді талап етеді. Бұған оларды елдегі жағдай мәжбүр етеді. Расында да шетелдерде бәрі қымбат, адамдардың көбі үйді де, көлікті де біздегідей меншігіне емес, жалға алады. Барлығы үшін төлеуге мәжбүр. Мұның сыртында олар үшін тәуелсіздік деген ұғым осылай әркім өзімен-өзі болып, өз қамын өзі күйттеуімен саналады. Ал бұл туыстық қарым-қатынас ерекше маңызға ие бізге өте жат. Жалпы, ата-ана сыйлаған, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсеткен, бауырына әрдайым қамқорлық жасаған дәстүріміздің осындай еліктеушіліктің көлеңкесінде қалып баражатқаны өкінішті. Шетелдік киноларды көп көреміз. Оқитынымыз да солардың дүниесі болып, олардың тұрмыс салтын артықшылық, биік мәдениет үлгісі ретінде қабылдаймыз. Бұдан арылу үшін біздің телеарнадағы контенттеріміз ұлттық мән-мазмұнға ие болу керек. Қазақты сақтаған, болмысымызға тән ұлттық дәстүрімізді жаңғыртуымыз керек. Өзіңіз айтыңызшы, қашан қазақтың салтында қыздар жұртшылыққа жар салып, күйеу іздеуші еді. Қазір қарасаң телеарналарда осындай бағдарлама жүреді. Бұл да өзге ұлтқа еліктеудің «жемісі».

«Жеңгелерден көп нәрсе үйрендік»

Біздің қазақта қызымды күйеуге беремін деген сөз ешқашан айтылған емес. Қазір әкелері қызын вальс билеп шығарып салады. Біздің салтымызда келін аламын деп қуанады. Ал, қызын күйеуге беруге келгенде қиналады. Сол себепті, қызды қонақ деп қатты аялайды. Осыны жоғалтып алдық. Қазір кейбір ер-азаматтар «мына қыздың күйеуі жоқ, алып қалыңыздар» деп тура қыз баланы мал саудалағандай етіп жатады. Қазақта мұндай болмаған. Оң жақтағы қыздың теңін тауып, тұрмыс құру мәселесімен жеңгелер айналысқан. Жеңгелерінің алды 75-ке келді. Әлі сырласам. Күйеуге шығатыным туралы алғаш жеңгеме айттым. Ол әке-шешеме жеткізгенде екеуі де бірден қарсы болды. Оларды жеңгем көндірді. Жеңгелерден көп нәрсе үйрендік. Қазір ауылға келгенде хабарласпасам ренжіп қалады. Міндетті түрде телефон шалып, Мұқағалидың «су сұрасам сүт берген, айран берген, қартайып қалыпсың ғой қайран жеңгем» деген өлеңін айтып, амандасам, қуанып қалады. Жалпы, жеңгелердің отбасы бірлігінде, туыстардың ынтымағында, қыз баланың тәрбиесіндегі орнын ешкім алмастыра алмайды ғой. Қыздарымызға жақсы жеңге бола білуді үйретсек, отбасындағы көп түйткіл өздігінен шешілер еді.

Әрбір мықты ер азаматтың артында мықты әйел тұрады. Соның бір дәлелі –

бәрінде анам әкемнің жанына жалау болып, әрдайым қасынан табылды. Қайда жіберсе де кері тартпай, қолдап, демеп жүрді. Егер сол кезде келіспей қойса, әкем де оның айтқанынан шыға алмай, қалада қалушы еді. Отбасындағы қамқорлықтың арқасында әрдайым жүзі ашық болып, мерейі тасып жүрді. Ешбір қиындықтан қайымқпай, өзіне жүктелген істің бәрін абыроймен атқарып, аудандық партия комитетінің хатшысы деңгейіне дейін көтерілді. Бұл анамның арқасы. Осыны көріп өстік. Сондықтан ердің басын төрге де, есікке де сүйрейтін әйел деп білемін. Өкінішке қарай, қазіргі жастарда мұндай түсінік жоқ.

«Ерлер әйелдерімен санасуы керек»

– Жуырда қолыма түскен деректерге қарасам, жұбайлардың ажырасуына себеп болатын негізгі мәселелер: үйсіздік, жұмыссыздық, мінездің үйлеспейі екен. Қазір әйелдерде өзін-өзі жақсы көру деген бір ұстаным пайда болды. Негізі бұл дұрыс мәселе. Псевдопсихологтардан дәріс алғандар оның шынайы мағынасын ұқпай жүр. Шын мәнінде өзін-өзі жақсы көру деген адамның адамшылығын сақтау арқылы бағасын көтеру болса керек еді. Адам негізі адамның ортасында ғана адам ғой. Жалғыз жүріп, тек кара басыңды ойлап, қол жеткізген игілігіңнің еш рахаты жоқ. Өзгелерге жақсылық жасау, айналаңа қуаныш шашу арқылы адам шынайы бақыттың дәмін сезіне алады. Өзгелерді бақытты ету арқылы өзіңнің бақытыңды табасың. Сондықтан біз деген ұғым үнемі алда жүру керек. Өкінішке қарай, қазір әйелдер мен дегенге көп иек артады. Біз отбасымызбен, әулетімізбен деген мәселе жойылды. Қазақтың болмысында, салт-дәстүрінде мен деген сөз айтылмады. Бұл ер мен әйелдің міндеттерінің арасындағы тепе-теңдіктің болмауының да салдары ма деп қаламын. Ер мен әйелдің отбасындағы жауапкершілігі, атқаратын шаруасы бірдей болу керек. Ерлер де әйелдерімен санасу керек. Бұл тәрбие. Мұны балабақшада жүзеге асыру керек. Тамақты бірінші ер бала жесін, сосын қыз бала жейді деген түсінікті жою керек. Кейбір ер адамдар балаларымды мектепке барғанда бірақ көріппін деп қуанып айтып отырады. Бұл баланың психологиясына кері әсер ететін жағдай. Бүгінде қыз секілді ұл балалар бар. Керісінше бар жауапкершілікті мойнына алып жүретін қыздар да бар. Әр нәрсе өз шегінде, тепе-теңдікте болу керек. Бұл отбасындағы татулықтың ғана емес, қоғамның да үйлесімді дамуының бірден-бір кепілі.

Бәрі анаға байланысты. Бала көргенін істейді. Ал баламен бірге көп болатын ана. Өркім өзінің анасына ұқсағысы келеді. Сондықтан әйел шуағын шашудан жалықпау керек. Әйел бір қолымен бесікті, екінші қолымен әлемді тербетеді деген нақылдың түпкі мағынасы өмірдегі барлық игіліктің аналар пейіліне, ықыласына байланысты екендігінде. Сондықтан осынау көктеммен бірге келетін мереке қарсаңында замандас апайларыма, құрбылар мен сіңілітеріме жүректің кендігін, пейілдің тазалығын тілеймін. Ал, бұл үнемі өзінді тәрбиелеп, дамытумен келетін қасиет. Қазір бұған мүмкіндік кең. Тек ынтымаз болса болды. Әйел қаласа аспанға шығатын сатыны табады деген жыр жолдарын оқып едім. Бұл шындық. Біз қаласақ өзгермейтін дүние жоқ.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

✎ КӨКЖИЕК

КӘСІП БАСТАҒЫСЫ КЕЛЕТІН НӘЗІК ЖАНДЫЛАР КӨП

Қазақстанның ауыл әйелдері форумының тапсырысы бойынша ауылдағы әйелдер кәсіпкерлігінің әлеуетін және қажетті қолдау шараларын анықтау мақсатында «Сандж» зерттеу орталығы сауалнама жүргізген болатын. Оған Қазақстанның 14 өңіріндегі мыңнан астам ауыл әйелдері қатысты. Олардың үштен бірі өз ісімізді бастағымыз келеді десе, 5 пайызы кәсіпкерліктің сәтсіз тәжірибесінен кейін оны қайталауға ниетті еместігін, ал 24 пайызы бизнес әйелдердің жолы емес деп санайтынын білдірген.

– Егер әйелдер жұмыс орындарын құруға қатысса және бұл процесс барлық кезеңдерде жан-жақты қолдау мен қызметті сүйемелдейтін болса, онда бұл елдің әлеуметтік экономикасы мен ЖІӨ өсуіне оң әсер етеді. Нәтижесінде, біз кәсіпкерлік белсенділіктің өсуін және әйелдердің әлеуметтік көңіл-күйінің жақсаруына куә боламыз. Бірақ бұл үшін мемлекеттік ауқымда бизнесті бастау үшін бар кедергілерді азайтуға бағытталған шаралар кешені шешілуі тиіс, – дейді Қазақстан ауыл әйелдері форумының ұйымдастыру комитетінің төрағасы, ҚР Парламенті Мәжілісінің IV-VI шақырылымдарының депутаты Майра Айсина.

Зерттеу нәтижелеріне қарағанда, бизнестегі сәтсіздіктерден қорқу 56 пайызды құрайды. Ол Қарағанды, Ақмола, Шығыс Қазақстан және Алматы облыстарында жиі кездеседі (66-81%). Бұл негізінен қаржы іздеумен және ақшаны жоғалтумен байланысты. Сондай-ақ, есеп беру мен тексерудің қиындықтарынан қорқу да бар. Сауалнамада Алматы, Түркістан және Ақмола облыстары тұрғындарының негізгі

проблемалары жұмыссыздық, өмір сүру деңгейінің төмендігі, жолдардың, көлік пен байланыстың жай-күйінің нашарлығы да көрсетілді. Мәселен, Түркістан және Алматы облыстары үшін үй-жайларды жалға алу немесе сатып алу құны жоғары болса, Ақмола облысы үшін су және электр желілеріне қосылу аса өзекті болып отыр. Әлеуметтік проблемалардың ішінде Алматы облысында балабақшалардың тапшылығы, Ақмола облысында – медициналық қызмет көрсету деңгейінің төмендігі, Түркістан облысында – отбасылық жанжалдар аталды. Түркістан облысында әйелдер арасында бизнеспен айналысуға деген ниет айтарлықтай жоғары болғанымен 36 пайызы оны неден бастау керектігін білмейді. Өз ісін ашуға ықыластылары 43 пайызды құрайтын жетісулықтардың өтініш беру деңгейі айтарлықтай төмен. Ақмола облысында ауыл тұрғындары «озық» және іс жүргізу, салық салу және өнімді өткізу мүмкіндіктері туралы өз білімдерінің жетіспеушілігінен кедергілерге тап болатынын айтады. – 2022 жыл «Coca-Cola белестері»

жобасы үшін ерекше, мерейтойлық жыл екенін қуана хабарлаймыз. 1 наурыздан бастап жобаның 10-маусымы басталады. Ол екі бағыт бойынша оқытуды ұсынады: «Жаңадан бастаушыларға арналған бизнес негіздері» және «Жеке қосалқы шаруашылықтар». Оқыту онлайн режимінде қолжетімді. Жобаға бірыңғай кіру seb.kz сайты арқылы жүзеге асырылады. Сондай-ақ, онда әйелдер арасындағы үздік бизнес-идеялар байқауына өтінімдер қабылдау басталады. Быыл «Coca-Cola белестері» байқауының жеңімпаздарын 20 грант күтіп тұр: Олар ауыл әйелдерінің мерейтойлық 5-форумында табысталады, – деді Coca-Cola «Жасыл» экономика және G-Global дамыту коалициясының атқарушы директоры Асхат Сүлейменов.

Жалпы, ауыл әйелдері кәсіпкерлігінің негізгі мәні тек кірісті көбейту ғана емес, ең алдымен ешкімге кіріптар болмай өз арманын жүзеге асыру. Әйелдер негізінен сауда, сұлулық индустриясы, қоғамдық тамақтану және қонақ үй бизнесі сияқты салаларға басымдық көңіл бөліп отыр. Әрине бұл жекелеген өңірлердің туристік әлеуетін дамытуға қызмет етуі мүмкін. Дегенмен, ауылдағы әйел кәсіпкерлердің фермерлік қызметпен айналысуы төртінші орында тұр, бұл осы бағыттағы әлеуеттің тиісті дәрежеде бағаланбағанын көрсетеді.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

болып қараған да Гүлжаһан болатын. Гүлжаһан туралы да талай өлең жолдары дүниеге келген. Соның бірі:

*Саналы, жаның таза қазынасың,
Әрқашан уәдеңнен табыласың.
Бір сәт қана өзіңмен тілдескенде,
Жан жасарып, дертіңнен жазыласың.*
Алматы қалалық соты аруларының тағы бірі – Азбаева Гүлстан Шаямтқызы. Мына өлең жолдарынан Гүлстанның бірталай адамдық қасиеті мен болмысын байқауға болады.



болды. Кімнің болса да кемшілігін бетіне айтатын, ешкімнен қаймықпайтын, үлкенді сыйлай білетін, кішіні демеп жүретін ақжарқын да адал, аяулы Қания әркімнің жүрегінде қалған болар.

Осы сот қабырғасында жүргенде, 8 наурыз мейрамы қарсаңында, 1995 жылдары, кәсіптес қыздарымызға арналған, мына бір өлең жолдары туған болатын.

*Әсемдіктен жаулап жүрген әлемді,
Қай ақын бар жырламаған әйелді.
Бөрік киіп, кеуде соғып жүрсекте,
Ер азамат өздеріңе тәуелді.*

*Қандай десе сұлулықтың өлшемі?
Әйел дер ем – болашақтың ертеңі...
Солар дер ем сыйға тартқан біздерге,
Табигаттың ең бір әсем бөлішегі.*

Ол кездерде Алматы қалалық сотының судьялары бір-біріміздің жұмыс бөлмелерімізге кіріп, шәй ішіп отырып өзекті проблемаларды талқылап, жұмысымызды да қалт жібермеуші едік. Осындайда бәрімізге қамқор болып жүретін, кішкентай ғана кеудесінде адамгершілікке толы үлкен жүрегі айтылап тұратын Мадыбаева Зейнебикенің орны бөлек-тін.

1995 жылдары Алматы қалалық сотының судьясы қызметіне келген қыздарымыздың бірі, бірі болғанда да бірегейі Гүлжаһан Мәдиқызы Мусина болатын. Әрқашанда ізденісте болып, көргені мен оқығандарын көңіліне түйіп жүретін Гүлжаһан, әртүрлі жаңа бастамалардың ұшын шығарып, оларды сот саласына ендіруге жанын салатын. Осы мінезінен талай рет онық та жеген шығар. Себебі, бастаманы амалға асыру, әдетте, сол бастаманы көтерген адамға жүктелетіні анық. Алайда, Гүлжаһан осы мінезінен әлі күнге дейін айнымай келе жатыр. Еліміздегі сот реформасының канат жаюында, оның ішінде кемелетке толмағандарға байланысты заңнамаларды реттеуде Гүлжаһанның еңбегі ерен. Елімізде қылмыстық істерді алқабилердің қатысуымен қарау туралы заң күшіне енген соң, Алматы қалалық сотында осындай істерді бірінші

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Алматы қаласы қылмыстық-атқару жүйесінде үздіксіз еңбек етіп, осы саланың дамуына үлесін қосып келе жатқан бір ару бар, ол – Күлназ Камалиқызы БЕЙСЕКЕНОВА.

АЯУЛЫ АДАМ



Күлназ Камалиқызы өмірден тоқығаны мол адам. Жастарға қамқор, ұлағатты ұстаз, өнегелі маман! Білікті ұстаз талай өмір белестерін артқа тастады, еңбек жолында көптеген қиындықтарды еңсерді. Қандай ауыртпалық көрсе де еңсесін тік ұстай жүріп, көпке өнеге бола білді. Әлі де ел игілігі үшін үлкен істерге ұйытқы болатыны анық.

Күлназ Бейсекенованы мақтай берсеңіз қағаз, жаза берсеңіз сия бітпейді! Мекемеде сыйлы әріптесімізді көпшілік еңбексүйгіш, белсенді, адал, іскер, нағыз азаматтық қасиеттерге ие айтулы тұлға есебінде біледі, құрметтейді, үлгі тұтады. Рухы биік, ісі өнегелі маманның ізбасар шәкірттері көп. Туған елге, жерге, отанға деген сүйіспеншілікке үндейтін білікті маманнан үйренеріміз аз емес.

Біздің мекемеде бұл кісі қымбат та сүйікті адам, көңілі ақ жарқын апайды ұжымдастары әркез іздеп тұрады. Себебі, ортасына шуақ шашатын аяулы адам қай кезде де қадірлі.

Ақжолтай ДАУЛЕТОВА

✎ ЖҮРЕКЖАРДЫ

ТАБИҒАТТЫҢ ЕҢ ӘСЕМ БІР БӨЛШЕГІ!

Әр жылы 8 наурыз мейрамы жақындаған сайын әрбір ер азамат әбігерге түседі. Бірі әжесі мен анасына, екіншісі әпкесі мен қарындасына, тағы бірі сүйіктісі немесе әріптес қыздарға сыйлығымен қатар, жан тербетер жылы сөз іздеп те әуре боп жатады.

Биыл осы мейрам алдында сот саласының үздігі, ҚР Судьялар одағының Алматы қаласы бойынша филиалы Ардагерлер кеңесінің төрайымы Гүлжаһан Мусина қоңырау шалып, жағдайымды сұрады. Гүлжаһанмен Алматы қалалық сотында жиырма жылға жуық қатарласа қызмет етіп, талай күрмеуі қиын, күрделі де шытырман істерді бірге шешкенбіз. Өз ісіне шынайы берілген, адал, білімді, жөнсіз ешкімге тиіспейтін, өзіне жөнсіз тиіскен адамды кім болса да аямайтын мінезді қыз. Зейнеткерлікке шықса да, судья шекпенін әлі шеше қойған жоқ. Қалалық сотта еңбек шартнамасына сәйкес судьялық жұмысын жалғастыруда.

Бірталай өңгіменің басын қайырып, Алматы қалалық сотының әйел судьялары туралы мақала дайындайтын болып келістік. Алматы қалалық соты – еліміздегі облыстық мәртебедегі соттардың ең үлкені, республикамыздың судьяларын және сот басшыларын дайындайтын шеберхана. Еліміздің облыстық сот, облыстық сот алқалары басшыларының көпшілігі, Жоғарғы Сот судьяларының біразы Алматы қалалық сотынан түлеп ұшқан тарландар.

Ал қыздардың жөні бір бөлек. Кілең «сен тұр, мен атайын» дейтін жігерлі де білікті жандар. Алматы қаласы сот саласының ардагерлері филиалында есепте тұрған 98 зейнеткер судьяның 58-і әйел адамдар. Осы соттың өзінде жиырма жылға жуық тер төккен соң олардың баршасын бес сау-сактай білем десем қателеспеймін.

Алматы қалалық сотында 1993 жылы судья қызметіне жаңадан сайланған жас мамандарға бағыт беріп, жөн-жосық көрсетіп отыратын ардақты апаларым болатын. Солардан Роза Сағынбайқызы, Зинаида Ахметжанқызы, Набат Ақынқызы, Сәуле Бозжігітқызы сияқты апаларым осы күнге дейін есімде. Жандары жаннатта болғырлар кілең көрікті, көпті көрген, білікті және мәдениетті жандар болатын. Әрбірі бір-бір тау сияқты, өздеріне тән мінездері бар аяулы апаларымды бүгін сағынышпен еске аламын. Әрине, олар туралы өткен шақта сөйлеу мен үшін ауыр.

Өзіммен қатарлас және тетелес аруларымызды еске алғанда, әрине, әрқашанда жарқырай көрініп жүретін Хайруллина Қания Үсенқызы ойыңа оралады. Университетті бітірмей жатып-ақ, аудандық соттың судьясы қызметіне сайланған қаршадай қыз – Қания, кейін республикамызға белгілі судья атанды. Тек қана судья деген кәсіппен еңбек кітапшасын ашып, осы қызметте жүріп көз жұмды. Құрмет орденінің иегері, сот саласының үздігі

ва, Лариса Матвиенко, Инесса Селицкая, Людмила Проскура, Ирина Федотова, Галина Чуракова, Қайыңжамал Бухбанованы қалай ұмытсарсың. Ұжым мүшелерінің қуанышында да, қайғылы күндерінде де қастарынан табылып, ұйымдастыру жұмысына кірісе кететін, қалалық соттың қара нары іспетті Светлана Қаракузиева барша судьялардың есінде болар. Қалалық соттың көркіне көрік қосатын күміс көмей Мариям Қарабаева, көріктеріне күн шағылысқан Елизавета Бегежанова, Сая Сеитова, Раушан Досмухамбетова, Гүлғаным Айтимова бәрі түгел ақылына көркі сай арулар.

Қалалық сотта бірталай уақыт еңбек етіп ҚР Жоғарғы Сотына жоғарылап, қазіргі кезде ол қызметті де ұршықша иіріп жүрген Елена Ақмолдаева, Лаура Ағыбаева, Зәуре Кейкібасованы да ешкім ұмыта қоймаған болар.

Кейбіріңді көптен көрмедім. Аяусыз уақыт мүмкін беттеріне әжім де салған шығар, көздеріңнің нұры ортайған да болар. Бірақ, сендердің кеуделерің бұрынғыша адамгершілік пен мейірімге толы екендігіне, жақсылыққа ұмтылып тұратын жүректеріңнің жылулары әлі де сөнбегеніне кәміл сенемін. Бір ұжымда тонның ішкі бауындай араласып, өміріңнің ең бір қызықты күндерін сіздермен өткізгенімді мақтан етемін.

Өздеріңе деген осыбір лирикалық мақаламды мына бір кішкене аңызбен аяқтамақпын. Бірде гүл сатушы қыз қолындағы раушан гүлдерін түгел дерлік сатып болады да, қалған бір дана гүлді жақын маңда отырған қайыршыға бере салады. Өзі өз болғалы мұндай сый алып көрмеген қайыршы, ақмандай арудан мынадай сыйлық алғанына төбесі көкке жете қуанып, гүлді өз лашығына алып келіпті.

Үйінен құмыра тауып, оған су толтырып, гүлді салып қояды да үн-түңсіз гүлге қарап отырады. Қандай әдемі гүл! Бірақ, құмыра кір-кір. Кенет орнынан атып тұрып, құмыраны тазалап, мөп-мөлдір су құйып, гүлді қайта салып, гүлге тағы да құмарта қарайды. Аздан соң, гүлге жақындап, иіскемек болғанда, құмыра тұрған шаң тозаңға баттасқан столға көзі түсіп, «мынадай гүл тұрған құмыраға мына стол лайық емес» деп, столды да жуып айнадай етіп қояды.

Гүлге тағы да сүйсіне қарап отырып, «мынадай әдемі көріністің көркін мына үй қашырып тұр» деген ойға кетіп, үй ішін мұнтаздай етіп тазалайды.

Осы кезде үйіндегі айнадан алба-жұлба киім киген, сақал-мұрты өскен өз бейнесін көріп, шошып кетеді. Дереву соңғы ақшасына арзан болса да, жаңа киімдер алып, өз бойын тәртіпке салып, гүлге бір, айнадағы келісті жігітке бір қарап отырып, ойға кетеді.

«Мынадай келбетіммен, біршама біліміммен не үшін мен қайыршы болуым керек» деп ойлаған қайыршы аз-ақ күнде жұмысқа да орналасып, жағдайы түзеліп кетіпті.

Құрметті қыздар! Сіздер бізді, еркектерді үндемей жүріп-ақ гүл бейнелеріңмен тәртіпке салып, өмірімізге өзгеріс кіргізіп отыраты едіңдер. Сіздерді көктемнің алғашқы мерекесі 8 наурызбен шын жүрегіммен құттықтаймын! Жүздерің күндей күлімдеп, көңілдеріңнің көктемдей көрікті болуына тілектеспін. Бәріне де бала-шағаларыңның қызығын көре жүріп, әдемі қартаюды нәсіп етсін.

Адайбек БЕЙМБЕТОВ,
сот саласының ардагері

БАҒДАР

«NuR Otan» партиясының кезектен тыс өткен съезінде партияның атауы өзгерді. Мәжіліс спикері Ерлан Қошановтың бұл ұсынысын президент Қ.Тоқаев, партияның өзге де мүшелері қолдады. Кезектен тыс өткен съезде саяси кеңес құрамы да өзгертілді. Оған Премьер-Министр Әлихан Смайылов, Президент Әкімшілігінің жетекшісі Мұрат Нұртілеу, «Астана» медициналық университетінің ректоры Камалжан Нәдіров, «Қазақ тілі қоғамының» вице-президенті Максим Рожин енді.

Қасым-Жомарт Тоқаев жиын барысында барша қазақстандықтарды Алғыс айту күнімен құттықтап:

– Біз осындай ынтымақтың арқасында қаңтардағы қиын-қыстау күндерде мемлекеттігіміз бен тұтастығымызды қорғап қалдық. Тәуелсіздігімізге төнген қатердің бетін қайтардық. Сын сағатта бірлігін сақтай білген барша отандастарымызға зор ризашылық білдіремін. Ұйымды жаңғырту туралы алқалы жиынның дәл бүгін өтуінің символдық мәні бар. Бірінші наурыз – партияның құрылған күні. 23 жыл бұрын еліміздегі ең басты саяси ұйымның негізі қаланды. Партия халықты ортақ мақсатқа жұмылдырды. Қоғамға пайдалы көптеген бастамалар көтеріп, сайлаушылардың қолдауына ие болды, – деді. Президент сонымен қатар партияның ел өмірінде елеулі рөлге ие болып, оның белсенді мүшелері осы уақыт аралығында қажырлы еңбек еткенін де айтты.

«Аманат» атқа қонды

Қазақстан халқы қаңтар оқиғаларынан кейін «Жаңа Қазақстанды» құру мәселесіндегі ауқымды, кең көлемді шаруаларды бастады.

«Алдымызда мемлекетіміздің болашақ тағдырын шешетін аса маңызды жұмыс тұр. Оны ойдағыдай жүзеге асыру үшін жаңа мақсат-міндеттерімізді айқындап алуымыз қажет. Партия барлық реформаға ұйытқы болуға тиіс, – деп сөзін сабақтаған Мемлекет басшысы саяси партия атауына қатысты тандау да үлкен жауапкершілікпен сараланғанын баяндады.

– Саяси ұйымның атауын Аманат деп өзгерту ұсынылды. Жасыратын ештеңе жоқ, мен де бұл мәселеге байланысты пікірталасқа қатыстым. Бірнеше ұсыныс болды, соның ішінен Аманат деген атауға тоқтадық. Бұл – еліміз үшін де, ұлтымыз үшін де айрықша мәні бар киелі ұғым. Егемендігіміз,



«АМАНАТ» – КИЕЛІ ҰҒЫМ

елдігіміз бен бірлігіміз, кең байтақ жеріміз – бізге бабалардан жеткен аманат. Осы кастерлі құндылықтарымызды көздің қарашығындай сақтап, болашаққа мирас етуіміз керек. Мемлекеттілік, дәстүр жалғастығы, ұрпақ сабақтастығы дегеніміз – міне осы. Халқымыз ешқашан аманатқа қиянат жасамаған. Партия бұл қағидатты берік ұстанады. «Аманат» ата-бабаларымыздың келешек ұрпаққа қалдырған өсиеті деген ұғымды білдіреді. Аманат сөзінің мағынасы терең, халқымыздың тарихы мен мәдениетінде ерекше орын алады. Ол бабаларымыз өсиет еткен тәуелсіздіктің мәңгі арман-мұраты, қуатты мемлекеттіліктің және жалпыұлттық тұтастықтың, кең-байтақ Отанымыздың құндылығы ретінде сипатталады. Біз осы баға жетпес мұрамызды сақтап, нығайтуға тиіспіз. Бұл – біздің аға буын мен өскелең ұрпақ алдындағы кастерлі борышымыз. Сондықтан мен партиямызды ресми түрде Аманат деп атауды толық қолдаймын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

«Сөз емес, іс маңызды»

Қаңтар оқиғасы партия жұмыстарына түбегейлі өзгертулер қажеттігін көрсетті.

Аты ғана емес, затына да түпкілікті жаңалықтар енгізуді қажет ететін

құрылым енді өзінің алдына мүлдем жанаша мұрат-мақсаттар қойды. Партия төрағасы осы мұрат-мақсаттар жолындағы бірқатар бағыттарды айқындады. Президент бұған дейінгі бюрократиялық ұстанымдарды сынады.

– Партия аппаратының жұмысында бюрократияның теріс сипаттары анық көрінді. Желілік кестелер, есеп беру және қағаз жүзіндегі іс-шаралар сайлаушылармен тікелей жұмыс істеуді екінші орынға сырғытты. Жұмысқа құлшынып тұрған азаматтар өз орындарын дарынсыз функционерлерге беруге мәжбүр болды. Сондықтан, орталық аппараттың филиалдармен және бастауыш партиялық ұйымдарымен өзара іс-қимыл әдістерін толығымен қайта қарау қажет. Бюрократия мен қағазбастылықтан үзілді-кесілді бастарту керек. Аймақтық филиалдар мен бастауыш ұйымдары сайлаушылармен өздігінен жұмыс істей алады және жұмыс істеуге міндетті. Орталық аппарат нұсқаушылық және «қолмен» басқару тәжірибесінен арылуға тиіс, – деді Мемлекет басшысы.

Президент сондай-ақ, Мәжіліс пен мәслихаттардағы фракциялардың қызметін жандандыру қажеттігін, депутаттық фракциялар диалог алаңдарын ұйымдастыру міндетін өздеріне алу қажеттігіне ерекше тоқталды. Мақсат жұмыстан нәтиже

шығару екендігін де ескертті.

– Әлеуметтік желілер мен қала алаңдарындағы қоғамдық талқылауларды Парламент пен мәслихаттарда өткізген жөн. Бұл – аса маңызды міндет. Фракциялар депутаттық сауалдармен шектеліп қалмай, парламенттік және қоғамдық талқылаулар мен ашық пікір-сайыстарға баруға тиіс. Керек болса, Үкіметтің нақты мүшелері мен әкімдерге сенім мәселесін көтеру қажет. Барлық деңгейдегі партия депутаттарының рейтингі алдын ала дайындалған есептерге емес, нақты істер мен азаматтардың мәселелерін шешуге негізделуі керек, – деді ол.

«Партия орындалмайтын уәдені бермегені жөн»

Қай кезде де азаматтардың мүдделерін ілгерілету және партияның ашықтығы маңызды.

– Партия популизмге салынып, орындалмайтын уәде бермегені жөн. Сонда Премьер-Министр мен кабинет мүшелерінен қажетті сандарды талап етуге де жол берілмейді. Егер осылай жалғаса берсе, күдік күшейіп, адамдардың партияға деген сенімі жоғалады. Ал оның партияға кері әсері тиеді. Бұндай көзбояушылықтың салдары

адамдардың әлеуметтік көңіл-күйіне және ішкі саяси тұрақтылыққа ықпал етеді. Бұған, әсіресе, геосаяси тұрақсыздық жағдайында жол беруге болмайды. Сайлаушылармен кері байланысты күшейткен жөн және осы бағытта қоғамдық қабылдаулардың әлеуетін барынша пайдалану қажет, – деді Президент.

Елдің шын мәнінде жанданып, кемел елге, зайырлы мемлекетке айналуы үшін партияның әр мүшесі атсалысу қажеттігін айтқан Тоқаев олардан тың ұсыныстар күтетінін де тілге тиек етті.

– Ашығын айтқанда, қазіргі кезде саяси менеджерлерді даярлау ісі ақсап тұр. Қазіргі жағдайда саяси басшылар түрлі мамандармен, жастармен, журналистермен, халықтың барлық өкілдерімен тіл табыса алуы керек. Мұндай адамдар ел арасында аз емес. Әлеуметтік лифтінің жоқтығы – бірден-бір

кедергі. Жас әрі қабілетті мамандарға мүмкіндік бермейміз. Бұл – біздің басты кемшілігіміз. Партия құрылымында Саяси менеджмент академиясы бар. Осы академияның қызметін күшейту қажет, – деді ол.

«Бейбітшіліксіз даму жоқ!»

Президент Украинадағы жағдайға да әділ таразы керектігін айтты.

– Біздің ұстанымымыз мемлекетіміздің қауіпсіздігін, егемендігі мен аумақтың тұтастығын қамтамасыз етуді көздейді. Біз 2010 жылы Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының саммитін өткізген ел ретінде еуразиялық қауіпсіздіктің тұтастығы қағидатына бейілдіміз. Мен бұл туралы 10 ақпанда Мәскеуге жасаған сапарымда айттым. Біз екі мемлекетті келіссөз үстелінде ортақ тіл табысуға, уағдаластық пен келісімге келуге шақырамыз. Басқа жол жоқ. Жаксы жанжалдан жаман бітім артық. Бейбітшіліксіз даму болмайды, – деді Мемлекет басшысы. Қасым-Жомарт Тоқаев сөз соңында елдің қауіпсіздігі мен халықтың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін қолдан келгеннің бәрін жасауға уәде берді.

Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕН

ШІКІР

СОТ – БИЛІКТІҢ АЖЫРАМАС БӨЛІГІ



Ата Заңымызда белгіленгендей елімізде биліктің үш тармағы бар. Олар – заң шығарушы, атқарушы және сот билігі.

Сот билігінің алғашқы екеуінен айырмашылығы – сот құжаттарынан басқа жалпыға ортақ құқық ережесін қабылдамайды және сотқа атқарушылық-басқарушы функция жүктелмеген. Биліктің бұл тармағы – қоғамда туындап отыратын нақты істер мен дауларды шешеді. Ондай істер мен даулар заңда бекітілген іс жүргізушілік тәртіпте Конституция мен заңдарға бағына отырып шешіледі әрі сот төрелігін жүзеге асыру барысында судьялар тәуелсіз болады.

Соттар іс бойынша сот актісін Қазақстан Республикасының атынан қабылдайды және ол республиканың бүкіл аумағында орындауға жатады. Сонымен қатар, сот қабылдаған шешімді жоғары тұрған сот инстанциясы өзгертуге, күшін жоюға құқылы.

Сот жүйесінің негізгі мақсаты Конституция мен жалпы заңдардың сақталуын қамтамасыз ету, азаматтардың, жеке және заңды тұлғалардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіру.

Осы арқылы сот билігіне, біріншіден, құқық туралы барлық жанжалдар мен дауларды шешетін төрешінің, екіншіден, мемлекетте заңдылық режимнің орындалуы мен сақталуын қамтамасыз ететін органдардың рөлі берілген.

А.А.САНСЫЗБАЕВА,
Қызылорда қалалық сотының судьясы

БІТІМ

КЕШІРІМ БАР ЖЕРДЕ КЕҢДІК БАР



Марат ЫРСЫМБЕТОВ,
Мақтаарал аудандық сотының судьясы

Қазақта «Алтау ала болса ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса төбедегі келеді» – деген ұлағатты сөз бар. Біз сотқа келіп түсетін кез келген істі қарау барысында осы сөздің қазақ халқы үшін маңызды болуы тиіс екеніне көз жеткіземіз. «Бетеге кетсе – бел қалар, бектер кетсе – ел қалар, берекең кетсе – нең қалар?» дейді қазақ тағы бірі тұста. Мұның бәрі елді бірлікке, тұтастыққа шақырудың тамаша үлгісі болғанын уақыт дәлелдеді. Тентегін тезге салып, ақымағына араағайын болу қазақты тарих бетінен жойылып кету қаупінен сақтады, тұтас елге, тамыры тереңге бойлаған кеменгер ұлтқа айналдырды. Үлкенін тыңдау, аталы сөзге тоқтау да осы кезеңдердегі халық даналығынан қалған қасиет. Оның заманауи

үрдістерге бейімделген, жаңа нұсқасы бүгін де сот тәжірибесіне медиация деген атаумен енді. Сот жүйесіндегі балама тәсіл уақыт көшімен бірге жетілді, түрленді. Бір кездегі билер шешімінің жалғасы іспеттес болып, бүгінгі жүйеге өз жаңашылдығымен енген бұл тәсіл бүгін көпшілікке шарапатын тигізуде. Күнделікті өмір тәжірибесіне үңілсеңіз, дау қуып мұратқа жеткен адамды көрмейсіз. Керісінше, дау береке бірліктен ажыратып, елдіктен қашырады. Адамды тоздырып, алтын уақытын ұрлайды. Қазіргі таңда қылмыстық ауыр құрам болмаса келіспеушілікті, келеңсіздікті келісім негізінде де аяқтауға болатынын қарапайым халық ұғына бастады. Медиация – дауласушы тараптың бітім алаңына айналып келеді. Сот тәжірибесіне енген он жылда медиация тәртібімен келісімге келгендер қатары артты.

Бұған дейін талап арыз түсіруші тарап сол арыздың соңында жүріп, уақытын, денсаулығын, жүйкесін, өзін жоғалтып келсе, бүгінгі жаңа реформалар мұндай таусылмайтын зурешіліктің келмеске кеткенін көрсетті. Сот жүйесінің толықтай сандық форматқа көшіп, талап арыздарды жедел сараптап, тиісті инстанцияларға бөлуі де медиация барысын көп онтайландырды. Көптеген істер тіпті онлайн нұсқада аяқталып та жатты. Мұның бәрі елдегі «Медиация туралы» заңның пәрменділігін және осындай заңдарды бүгінгі қоғам аса қажетсініп отырғанын көрсетті.

Мәміле – дәстүр жалғасы. Бір кездегі би шешендердің дауды әділетті шешіп, ел ішінде құрметке бөленуі оның қайталанбас қабілет иесі екендігін дәлелдеді. Қазіргі «Медиация туралы» заң бұл үрдістің тиімділігін арттырды, кәсіби медиаторлардың шығып, олардың мамандануына, біліктілігін жоғарылатуына мұрындық болды. Бітіспестей көріністің небір даулардың ортасынан өзін және өзінің беделін қалыптастыру ел медиаторларына нағыз тәрбие мектебі іспетті еді.

Қарап отырсақ, сот саласындағы соңғы істердің көбі татуласу жолымен мәмілеге келгендер. Әкімшілік әділеттің де біраз тұсы араздасушы тарапты гуманистік жолмен тіл табыстыруға негізделген. Заң көпке ортақ құндылық. Ендеше, кез келген келеңсіздік те ең алдымен заң шеңберінде сараланады. Егер заң ізгілендірілген болса онда жаза басқан адам мен қарсы тарап медиацияға жүгінген жөн. Себебі, медиация әлеуметтік институт ретінде Қазақстанда объективті түрде дамып келеді. Халыққа тиімді тәсіл қашан да өміршен. Ендеше, медиациялық сауат тек заңгерлерге ғана емес мектеп оқушыларына да қолжетімді болуға тиіс. Жастайынан мейірім мен қамқорлық, береке, бірліктің мәнін, ҚР заңдарының мағынасын гуманистік көзқараспен ұғынған бала өскенде де кең, кешірімшіл болады. Кешірім бар жерде тәртіп пен мәміле салтанат құрады.

ТҰРКІСТАН ОБЛЫСЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қаржы мониторингі агенттігінің (КМА) дерегі бойынша, айналымдағы капиталдың жетіспеушілігі салдарынан экономикамыз зардап шегіп жатқан тұста 2021 жылдың басында елден шығарылған қаржының көлемі 27 триллион теңгені құраған. Енді мына жағдайға қараңыз! Ұлттық және шетелдік валютаны елден шығару туралы талаптын орындалмауы қылмыстық жауапкершілікке алып келетініне қарамастан, осы құқықбұзушылық үшін бірде-бір тұлға жауапкершілікке тартылмаған. Бұл қалай? Ал жауаптылық болмаған соң, жаза қолданылмаған соң экономикалық контрабанда, кедендік төлем мен алым төлеуден, заңды тұлғалардың салық төлеуден жалтару мақсатында жалған мәміле жасауы көбеймей қайтеді? Осы іске тікелей жауапты Қаржы мониторингі агенттігі Президент жолдаулары мен басқа да бағдарламалық құжаттарда айтылған тапсырмаларды елемей (мысалы ҚХР-нан жіберілген тауарлардың құны олардың есептік деректері мен біздің кеден қызметінің деректерінің айырмашылығы 1 миллиард доллардан артық қаржыны құрайды), нормативтік-құқықтық базасы жеткілікті бола тұра, қаржылық құқықбұзушылықтарды жою бойынша ешқандай шара қолданбауда.

– *Көлеңкелі экономиканы тоқтатуға заңдарымыз әлсіз болып тұрған жоқ па?*

– Олай деуге болмайды. Еліміз әлдеқашан қаржы мен мүлікті заңсыз зандастыруға қарсы күрес жөніндегі халықаралық конвенцияға қосылған. Сонымен қатар, «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» заң бар. Онда Қазақстан экономикасының мүддесі үшін резиденттердің шетелдегі валютасын қайтару, ішкі нарықты сырттан келетін импорттың инфляциядан қорғау, валюталық резервтердің азаюына жол бермеу және оларды толықтырып тұру, теңгенің курсын тұрақтандыру және оның конвертациялануына жағдай жасау талаптары бекітілген. «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» заңында осы міндеттерді жүзеге асыру Ұлттық Банкке жүктелген. Қазіргі жағдай көрсеткендей, Ұлттық Банк өзінің осы капиталдың қозғалысын бақылау міндетін орындаудан шеттеліп қалды. Неге? Себебі, Ұлттық Банктің, Қаржы мониторингі агенттігінің меніңше кадрлық әлеуеті әлсіз, креативті ойлау қабілеті төмен. Бұған қоса басқарушы құрамды қалыптастыруда жемқорлықтың болуы, соның нәтижесінде өз міндетін, ведомство жұмысының ерекшелігін жетік білмейтін тұлғалардың басшылық қызметке тағайындалуы жұмысты ақсатуда. Осы орайда Герман империясының канцлері Отто фон Бисмарктың «Жаман заңдармен және жақсы шенеуніктермен елді басқаруға болады. Ал шенеуніктер жаман болса, ең жақсы деген заңдардың өзі көмектесе алмайды» деген сөзі ойға оралады.

Бұл мәселеге назар аударуымның мәні бар. Қазіргідей сыбайластық пен жемқорлық дендеген кезеңде экономикалық қылмысты анықтап, оларды тергеуде әділдік пен бейтараптық таңыту оңай емес. Жоғарыда аталған аса маңызды көрсеткіштер бойынша жедел тергеу жұмысының нәтижелі болмауы түптің түбінде шетелден қаржыландырылған шерушілер, сату және терроризмді қаржыландыру мақсатында кедендік бақылаудан тыс өткен қару-жарақтар мен халық тұтынатын тауарлармен айқындалған қасіретті қаңтар оқиғасының қайталануына алып келеді. Сондықтан Қорғаныс министрлігі, ҰҚК, т.б. басшылығы сияқты, Қаржы мониторингі агенттігінің, Табиғи монополияларды реттеу комитеті сияқты органдардың қызметіне де әділ баға берілуі тиіс және халық арасында дұрыс ұғым болуы үшін мақтау да, дағту да әділ болғаны жөн.

– *2020 жылы Президент жанынан Реформалар жөніндегі Жоғарғы Кеңес құру туралы шешім қабылданды. Бұл кеңестің жұмысына сенім артуға бола ма?*

– Реформалар жөніндегі Жоғарғы Кеңестің құрылуын құптаймыз. Бірақ оның құрамы осы реформаларды қабылдау қажеттілігі туындаған адамдардан құралған. Ендеше, олар ұсынған реформалар қаншалықты нақты болмақ және оларды әрі қарай кім жүзеге асырмақ? Меніңше, бұл кеңестің құрамына сарапшы немесе бақылаушы ретінде болса да қоғам өкілдерін көбірек тарту керек. Сондай-ақ, оның құрамынан сала басшыларын шығарып тастап, орнына кәсіби мамандарды, беделді әлемдік сарапшыларды енгізу қажет.

– *Қаңтар қақтығысының орын алуына базаның негізсіз өсуі, халық тұрмысының төмендеуі әсер еткені белгілі. Елдің жағдайымен санаспай, бас пайдасына жұмыс істегендерді неге тәртіпке сала алмадық?*

– Ең алдымен еліміз үшін стратегиялық маңызы бар нысандарды жекешелендіру өте сауатсыз жүргізілді. Мы-

салы, бәсекелестікті қорғау саласындағы мемлекеттік органдар әрекетінің немесе әрекетсіздігінің салдарынан мұнай-газ, азық-түлік өнімін сату нарығы бақылаусыз қалды. Соның нәтижесінде, Энергетика министрлігі және басқа құзырлы органдар статистика маманы ретінде мұнай-газ өнімдерінің күн санап шарықтап өсіп жатқан бағасын тіркеп отырумен ғана шектелді, ал бұл мәселе халыққа, әрбір қазақстандық отбасына ауыр тиді. Оның соңы неге жеткізгенін өз көзімізбен көрдік.

Бұрын Энергетика министрлігі мен «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның қарамағын-

Өмірсерік ҚОЖАБАЕВ,

«Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының отставкадағы судьялары» қоғамдық бірлестігінің төрағасы:

«ЖАУАПТЫЛЫҚ ЖОҚ ЖЕРДЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ КОНТРАБАНДА КӨБЕЙЕДІ»

да еліміздегі жанар-жағармай құю бекеттерінің ең ірі желісі болды. Сол арқылы дағдарыстың алдын алып, ол бүкіл нарыққа жанама әсерін тигізіп отыратын. Қазіргі таңда бұл актив жекенің қолына өтіп кетті, «ҚазМұнайГаз» құрамында бөлшек сауданы жүзеге асыратын бөлімше жоқ. Жекешелендірілген сәттен бастап, жаңа меншік иелері жанар-жағармай бағасын бірнеше есеге өсірді, соның салдарынан газ, азық-түлік, т.б. бағасы қымбаттады. Бұл тек бір ғана мысал, ал жекешелендіруге берілген немесе беріліп жатқан нысандар қаншама? Қазақстандық экономиканың әрі қарай қандай болары белгісіз. Сол себепті мемлекетіміз ең алдымен елімізді шығынға ұшырататын қажетсіз жобалардан құтылып, мемлекет қоржынына қатты валюта түріндегі активтерді әкелетін стратегиялық маңызы бар өндірістерді қалдырғаны жөн. Бұдан бөлек, қаңтар оқиғасынан кейін «оянып» қоймай, еліміздегі бәсекелестікті қорғауға құзырлы органның жұмысын біржола жүйелендіру қажет.

– *Осының бәрі мамандардың әлсіздігінен, білікті кадрларды таңдауға көңіл бөлмеудің кесірінен орын алатындай көрінеді. Сіз қалай ойлайсыз?*

– Бізде мемлекеттік қызметке үміткерлерді таңдау ашық жүргізіледі, әр азамат үшін қолжетімді. Алайда, ең үздік, талантты, кәсіби маманды табу міндеті толық шешімін таппай тұр. Дамыған елдер дүниежүзінен мамандарды тарту арқылы адами ресурстар үшін белсенді күрес жүргізуде. Ал біздегі жағдай оған мүлде қарама-қайшы. Қазір бізде шетелдің алдыңғы қатарлы оқу орнында оқыған, оқуын үздік тәмамдаған, ұлттық, отандық жекеменшік және шетелдік компанияларда еңбек етіп, тәжірибе жинақтаған, әртүрлі салаларда практикалық білімі мен дағдысы бар мамандар мемлекеттік қызметке алынбайды. Олардың орнына өндірістен, жалпы процестен түк хабары жоқ тұлғалар биліктің жоғарғы тармағына орналасуда. Осы мамандардың адамның ойына келмейтін, тіпті, өздері анық түсінбейтін ұсыныстар жасайтыны таңқалдырады. Сондықтан вакансиялық лауазымдарға мамандарды таңдау әдісі мен тәсілін қайта қарау қажет. Резервтегі үміткерлерді ала салмай, Internet желісіндегі заманауи технологиялар мен сайттарды (LinkedIn мен Headhunter сияқты) пайдалана отырып, үздік отандық мамандарды тауып, оларды, тіпті, қажет болса, Мемлекеттік қызмет академиясында оқытып, қызметке тарту қажет. Бұл жерде маманды іздеп табу, жұмысқа орналастыру бастамасы үміткердің тарапынан емес, кеңес дәуіріндегідей мемлекет тарапынан болғаны дұрыс.

Парламент депутаттығына үміткерлерді де іріктеу партия тарапынан осы принциппен жүргізілгені дұрыс. Парламент Мәжілісінің қазіргі құрамы қоғамда үлкен пікірталас туғызды. Азаматтар «Шығармашылық, спорт өкілдері, мемлекеттік тілдегі дайын мәтінді оқып бере алмайтын тұлғалар заң шығарушы қызметке кәсіби тұрғыда сәйкес келе ме?» деген орынды сауал коюда. Бұл сұрақтар жауапсыз қалғанмен, заң

жобаларын талқылау, қабылдау кезінде кері әсерін тигізуі ықтимал және олардан туындайтын салдардың зардабын қарапайым халық тартады.

– *Жалпы заңдардың жиі өзгертіліп, толықтырылуына көзіміз үйренді. Бұл да заңшығарушы орында кәсіби мамандардың аздығынан болар?*

– Басқаны былай қойғанда, 2014 жылы қабылданған жаңа Қылмыстық кодексе, Қылмыстық процестік кодекстің өзіне көптеген өзгеріс енгізілді. Соған қарамастан, Қылмыстық, қылмыстық-процессуалдық заңнаманың кемшін тұсы азаяр емес. Соттардың қылмыстық құқықбұзушылықтар туралы істерді қарау және қылмыстық тексеру органдарының тергеу ісіндегі проблемаларды шешуі қиындап барады. Мұндай проблеманың бар екенін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қылмыстық және қылмыстық-процессуалдық заңнаманы жетілдіру жөнінде берген соңғы тапсырмаларында атап өткен. Зандағы негізгі кемшілік қылмыстық заңға түзету енгізудің жүйесіздігіне, жаңадан ен-

Қазір бізде шетелдің алдыңғы қатарлы оқу орнында оқыған, оқуын үздік тәмамдаған, ұлттық, отандық жекеменшік және шетелдік компанияларда еңбек етіп, тәжірибе жинақтаған, әртүрлі салаларда практикалық білімі мен дағдысы бар мамандар мемлекеттік қызметке алынбайды. Олардың орнына өндірістен, жалпы процестен түк хабары жоқ тұлғалар биліктің жоғарғы тармағына орналасуда. Осы мамандардың адамның ойына келмейтін, тіпті, өздері анық түсінбейтін ұсыныстар жасайтыны таңқалдырады.

гізілген өзгерістердің қылмыстық және әлеуметтік негізсіздігіне, заң шығару процесін ғылыми тұрғыда қолдаудың жеткіліксіздігіне, заң жобасын сарапшылар тарапынан бағалау жүйесінің болмауына, қоғамдық қарым-қатынастарды жетілдіруде қылмыстық қудалаудың рөлін әсірелеуде болып отыр.

Мысалы, тергеу мен сотты әуре-сарсаңға салған қолданыстағы қылмыстық процестің аясындағы кемшіліктерді алайық. Соттардың қылмыстық теріс қылық туралы істерді қарау және қылмыстық тексеру органының тергеу ісіндегі тиімсіздіктің себебін талқылайтын болсақ, мынадай жағдайды көреміз. Қылмыстық теріс қылық түсінігі енгізілгенге дейін қылмыстық-құқықтық сипаттағы ұсақ құқықбұзушылықтардың барлығы әкімшілік санатына жатқызылған болатын және оларды қарау ӘҚБтК-те қарастырылған тәртіппен жедел әрі қысқа мерзімде жүргізілетін. Кейіннен қандай да бір құқықтық салдары жоқ әкімшілік жаза тағайындау туралы сот шешімі шығарылатын. Әкімшілік жауапкершілікке тарту қоғамда қатты айыпталмайтын.

Әкімшілік құқықбұзушылықтарды қылмыстық теріс қылықтар санатына ауыстыру және олар бойынша сотқа дейінгі өндірісті қылмыстық процесс принциптерімен жүргізу, бір қарағанда, адамның және азаматтың құқығы мен бостандығын қамтамасыз етуге, оны

негізсіз кінәлаудан қорғауға бағытталған халықаралық стандарттарға жауап беретін дұрыс қадам болып көрінеді. Өкінішке қарай, осы саладағы заңнаманы реформалау қылмыстық құқық пен криминалдың, субъективті факторлардың институттары мен принциптерін ескерместен, ҚК-дегі «қылмыс» деген сөзді «құқықбұзушылық» деген сөзбен алмастыру, ҚК пен ҚПК-нің қылмыстық теріс қылық үшін қарастырылған ережелерін автоматты түрде ауыстырып, қылмыстық теріс қылық үшін жауапкершілік институтын енгізу арқылы шектен тыс жеңілдетіп жіберген.

Нақтырақ айтсақ, ҚК-те қылмыс пен қылмыстық теріс қылық жиынтығы, қылмыс пен қылмыстық теріс қылық жиынтығы бойынша ортақ қылмыстық жаза тағайындау нормаларын бекіту, қылмыстың үкімі мен қылмыстық теріс қылмықтың үкімі бойынша ортақ қылмыстық жаза тағайындау, т.б. ойластырылмаған шешім

болып табылады. Қылмыстық заңның бұл ережелері қылмыс пен қылмыстық теріс қылық ұғымының арасындағы айырмашылықты жойып, қылмыстық теріс қылықты қылмыстың бір түрі ретінде көрсетіп тұр.

– *Соңғы уақытта заңдарды ізгілендіру бойынша көп жұмыс жасалды. Ал сіз айтқан өзгеріс ұсақ құқықбұзушылық жасағандар есебінен қылмыскерлер қатарын көбейтуге алып келіп отырған жоқ па?*

– Иә, олай дейтініміз қылмыстық теріс қылық туралы істер бойынша сот өндірісі де қылмыстық істерді тергеуге және қарауға негізделген. Сонымен, қылмыстық теріс қылық бойынша сотқа дейінгі тергеу (хаттамалық нысан) формальды түрде алдын ала тергеуден (жауап алу) бөлінсе де, ҚПК-де қылмыстық және қылмыстық теріс қылық жөніндегі істерді қосып, әрі қарай сотқа дейінгі өндірісті жауап алу немесе сотқа дейінгі тергеу түрінде жүзеге асыру қарастырылған. Осы және сотқа дейінгі өндірістің ортақ ережелерін қолдануға байланысты қылмыстық теріс қылық

– *Ол қандай өзгерістер?*

– Жалпы, кемшілікті көрсеткен адам оны реттеудің жолын да ұсынуы тиіс. Сондықтан менің ойымша қылмыстық теріс қылық бойынша сот өндірісінде мынаны ескеру керек. Біріншіден, қылмыстық теріс қылық үшін тұлға сот үкімімен сотталғанымен, қылмыстық жаза тағайындалмайды, тек сот шешімімен жауапқа тартылып, қылмыстық шара қолданылады. Екіншіден, қылмыс пен қылмыстық теріс қылық туралы істерді қосуға жол берілмейді, қылмыс пен қылмыстық теріс қылық жиынтықтау мен қылмыстың үкімі мен қылмыстық теріс қылмықтың үкімін жинақтау арқылы ортақ қылмыстық жаза тағайындау жойылады. Үшіншіден, қылмыстық теріс қылық бойынша сотқа дейінгі тергеу (хаттамалық нысан) формальды түрде алдын ала тергеуден (жауап алу) бөлінуі тиіс және бірден немесе неғұрлым қысқа мерзімде, мысалы, 3 тәуліктен көп емес мерзім ішінде жүргізілуі қажет. Төртіншіден, мұндай істердің сотта қаралуы да материал түскен күні шұғыл өткізіліп, қылмыстық шара қолдану туралы сот шешімін шығару қажет. Бұл жерде құқық бұзушыны қылмыстық теріс қылық үшін сот үкімімен емес, сот

шешімімен қылмыстық жауапкершілікке тарту ҚР Конституциясының 77-бабы, 3-бөлімі, 1-тармағының талаптарына сай келеді. Онда тұлғаның қылмыс жасаған кінәсі заңды күшіне енген сот үкімімен дәлелденбейінше, ол кінәсіз болып есептелетіні туралы анық жазылған.

Осы ретте қылмыстық теріс қылық үшін жауапкершілікті реттейтін қолданыстағы заңнаманы жетілдіру де маңызды. Бұл материалдық және процессуалдық құқықты қамтитын арнайы Қылмыстық теріс қылмық туралы кодексті (КТҚК) қабылдауды қажет етеді. КТҚК-те жалпы нормалар, максаттар, міндеттер, қылмыстық теріс қылық үшін қылмыстық жауапкершіліктің ұғымы мен принцип, оны жасағаны үшін жауапкершілікті қарастыратын баптар тізімі, сотқа дейінгі тергеу мен осы санаттағы істер бойынша соттағы өндірістің процессуалдық тәртібі болуы тиіс.

– *Соңғы жылдары Қазақстанда иштер кететіндер лезі азаймай отыр. Оның негізгі себебі неде деп ойлайсыз?*

– Отанымыздан көшіп жатқан қазақстандықтар санының жыл сайын арта түсуі алаңдатады. Жүгін жинап отырған азаматтардың өзге елге көшуінің басты себебі өмір сүру сапасының төмендеуімен, болашаққа сенбеуімен байланысты. Сонымен бірге, олар білім беру саласындағы кемшіліктерді, экологиялық мәселелерді, жеке адамға төнетін қауіп-қатердің молдығын, шенеуніктердің немқұрайдылығын, пандемия жағдайындағы бизнестің ахуалын алға тартады. Кетіп жатқандар негізінен техникалық саланың мамандары, медицина қызметкерлері, мұғалімдер. Ал Қазақстанға көбіне кәсіби біліктілігін көтеруді, оқытуды және орнығып кетуі үшін басқа да шығындарды талап ететін кадрлар келіп жатыр. Көп жағдайда олар өзіне дейінгі маманның жұмысын толыққанды атқара алмайды. Сөйтіп, кәсіби жарамдылық деңгейінің төмендеуіне, одан туындайтын әртүрлі жағдайларға алып келеді. Осыған орай әлеуметтік реформалардың үлкен пакетін жасау қажет. Оған бала дүниеге келгенде берілетін төлемақыны көбейту, білім беру жүйесіне жасалып жатқан шексіз экспериментті тоқтату, кеңестік білім беру жүйесін қайтару немесе әлемнің үздік білім беру жүйесін енгізуді кіргізген жөн. Оқушылардың білімін бағалайтын беделді халықаралық ұйымның (PISA) дерегі бойынша, қазақстандық оқушылар басқа елдердің оқушыларынан әлдеқайда артта келеді. Артта қалушылар саны оқу бойынша үш есе, математика бойынша алты есе, басқа пәндер бойынша 2,8 есе көп. Бұдан бөлек, денсаулық сақтау жүйесінің қазіргі жай-күйі заманауи талаптарға жауап бере алмайды және үздік әлемдік тәжірибелер негізінде түбегейлі реформалауды қажет етеді. Бұл жердегі жағдай білім беру жүйесімен бірдей. Мысалы, елімізде 2010 жылы 998 аурухана болса, 2020 жылы олардың саны 761-ге дейін азайған.

– *Уақыт тауып ой бөліскеніңізге рақмет!*



СӨТ ТӘУЕЛСІЗДІГІН НЫҒАЙТАТЫН ҚҰЖАТ

ΘΗΕΓΕ

СЕМИНАР

КОДЕКС ӨДӨПТІЛІКТІ ТАЛАП ЕТЕДІ



БИЛЕР КЕҢЕСІНІҢ ЖОСПАРЫ АЙҚЫНДАЛДЫ

Мейрамгүл УТЕГУЛОВА,
Атырау облыстық сотының
баспасөз қызметі

Π ΕΤΕΔΙ

**Жамбыл облысы
Байзақ аудандық сотының
баспасөз қызметі**

КӨЗҚАРАС

МЕМЛЕКЕТТІК МЕРЕКЕЛЕРДІҢ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ КЕРЕК

Елімізде атап өтілетін мерекелердің құқықтық негіздері 2001 жылғы 13 желтоқсанда қабылданған «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік мерекелер туралы» заңы бойынша айқындалады. Оның алғашқы бабында республикада ұлттық, мемлекеттік, кәсіби және өзге де мерекелер атап өтілетіні атап көрсетілген. Ұлттық мерекелердің – Қазақстан мемлекеттілігінің дамуына елеулі ықпал еткен, ерекше тарихи маңызы бар оқиғалардың құрметіне белгіленгені және оларды мейрамдау кезінде орталық және жергілікті мемлекеттік органдарда ресми іс-шаралар өткізілетіні айтылған. Мемлекеттік мерекелердің – қоғамдық-саяси маңызы бар оқиғаларға арналған Қазақстан азаматтары дәстүрлі түрде атап өтетін мерекелер екені, оларды мейрамдау кезінде ресми іс-шаралар өткізілуі мүмкін екені көрсетілген. Кәсіби және өзге де мерекелерді азаматтардың жекелеген санаттары атап өтетіні айқындалған.

Заңның 2-бабы бойынша Қазақстанда бір ғана ұлттық мереке бар. Бұл 16 желтоқсандағы Тәуелсіздік күні екені және ол 16-17 желтоқсанда атап өтіледі.

Ал 3-бап бойынша мемлекеттік мерекелер: Жаңа жыл (1-2 қаңтар); Халықаралық әйелдер күні (8 наурыз); Наурыз мейрамы (21-23 наурыз); Қазақстан халқының бірлігі мерекесі (1 мамыр); Отан қорғаушы күні (7 мамыр); Жеңіс күні (9 мамыр); Астана күні (6 шілде); Қазақстан Республикасының Конституциясы күні (30 тамыз); Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні (1 желтоқсан). 4-бап бойынша кәсіби және өзге де мерекелер мерекелік даталар. Мерекелік күндер тізбесін ҚР Үкіметі белгілейді. Ал 5-бап бойынша ұлттық және мемлекеттік мерекелер атап өтілетін күндер Қазақстанның еңбек заңдарына сәйкес мереке күндері деп танылады. Бұл жұмыс істемейтін күндер болып табылады. Демалыс және мереке күндері сәйкес келген жағдайда мерекеден кейінгі жұмыс күні демалыс күні болады.

Отаншылдық сезімнің бір көрінісі саналатын ұлттық және мемлекеттік мерекелердің атап өтілуіне байланысты соңғы жылдары жұртшылық арасында түрлі сын пікірлер көп айтылып жүр. Бұл ең алдымен қолданыстағы заңнама-

да олардың құқықтық негізі ғана қарастырылып, оның рухани және идеологиялық маңызы назардан тыс қалуына байланысты туындап отыр.

– Бізде ұлттық және мемлекеттік мерекелерді атап өтудің әлі күнге дейін тұжырымдамасы жоқ. Кезінде «Nur Otan» партиясы Наурыз мерекесінің тұжырымдамасын жасауды қолға алған. Орталық аппараттағы талдау орталығында біраз жұмыс жасалғанымен, ол да аяқсыз қалды. Алдыңғы жылы Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасы бойынша Наурызды он күн бойы тойладық қой. Сол кезде де оны әр өңір өзінше атап өте бастады. Ол дұрыс емес. Біз бір елміз, барлық жерде бәрі бір форматта өту керек, – дейді тарих ғылымдарының докторы, профессор, Саттар Мәжитов.

ҚР Президенті жанындағы «Қоғамдық келісім» республикалық мемлекеттік мекемесінің бұрынғы директоры, Халықаралық ақпараттандыру академиясы академигінің айтуынша, 2016 жылғы 14 қаңтардағы ҚР Президентінің Жарлығы бойынша 1 наурыз Алғыс айту күні деп жарияланған болатын.

Еліміздегі кәсіби мерекелер тізімінде тұрған 58 мерекелік датаның бірі саналатын бұл датаның да өзіндік зор мән-маңызы бар.

– Алғыс айтуға бір күнді арнау дұрыс шығар. Бірақ осының толық тұжырымдамасын жан-жақты қылып жасауымыз керек. Өйткені, соңғы санактың қорытындысы бойынша қазақтың саны 70 пайыздан асып тұр. Бұл жағдайда біз жаңа ұлттық саясатты қалыптастыру керекпіз. Мен өзім «Қоғамдық келісімде» болған кезімде бір тұжырымдаманы бастап едім, ол да мен қызметтен кеткен соң аяқталмады. Бүгінгі жағдайларды еске ала отырып Қазақстан енді жаңа ұлттық саясаттың негіздерін қалыптастыру керек. Қазақстан қоғамы қазір моноэтникалық мемлекетке қадам басып отыр. Қазаққа деген басқа этностардың алғысы әрине шексіз. Оның айтылуы дұрыс. Бірақ енді оны жалпы адамның адамға деген алғысы, адамның мемлекетке деген алғысы, мемлекеттің жеке тұлғаға деген алғысы сияқты бағыттармен толықтырып, Алғыс айту күнінің жаңа тұжырымдамасын жасаған дұрыс

болады. Өйткені 1 наурыз күні жұрт өзі де бір-біріне алғыс айтып жатады. Бір жағы қыстың аяғы, көктемнің басы болса, екінші жағынан Амал мекреkesі көрісу күндері мен Наурыз мерекесі тұр. Қоғам жаңарып, жаңғырып, бәйшешек гүлдеп табиғаттың өзі құлпыра бастаған осындай ерекше жағдайларды ескеріп оны адамның адамға деген алғыс айту күніне айналдыру керек,– деген Саттар Фазылұлының пайымдауынша Алғыс айту күнін жай ғана Қазақстан халқы ассамблеясымен шектелмей мемлекеттік деңгейде атап өтсек те артық болмайды. Бұл үшін оның тұжырымдамасының жобасын жалпы халықтық талқыға салып, қабылдау қажет. Мұндай тұжырымдаманы одан кейін ұлттық және мемлекеттік мерекелер бойынша жеке-жеке әзірлеп, қабылдайтын болсак халықтың түрлі топтары арасында мемлекетшілдікті нығайту арқылы, Отанға деген ізгі сезімді ұлттық және патриоттық тұрғыдан жоғары көтеруге зор мүмкіндік туады.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

6.«Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық басқармасы» КММ (бұдан әрі – Басқарма) 2022 жылғы 4 наурызда ҚР, 050012, Алматы қаласы, Сейфуллин көшесі 555, Басқарма ғимараты мекенжайы бойынша Басқарманың шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындарында байқау кеңесінің мүшелігіне кандидаттарды іріктеу бойынша конкурстың өткізілуін хабарлайды, телефоны: 274-45-86, келесі ұйымдары:

№ р/с	Медициналық ұйымдар атауы	Заңды мекенжайы/ Орналасқан жері
1.	Алматы қ. ҚДБ ШЖҚ «№7 Қалалық клиникалық ауруханасы» КМК	050006, Алматы қ., Наурызбай ауд., Қалқаман шағынауданы, 20
2.	Алматы қ. ҚДБ ШЖҚ «№12 Қалалық емханасы» КМК	050040, Алматы қ., Бостандық ауд., Попов к-сі, 23
3.	Алматы қ. ҚДБ ШЖҚ «№7 Қалалық емханасы» КМК	050013, Алматы қ., Бостандық ауд., Бұқар жырау к-сі, 14
4.	Алматы қ. ҚДБ ШЖҚ «5 қалалық перзентхана» КМК	050062, Алматы қ, Әуезов ауд., Қабдолов к-сі, 28
5.	Алматы қ. ҚДБ ШЖҚ «№8 Қалалық емхана» КМК	050006, Алматы қ, Алмалы ауд., Түркебаев к-сі, 40
6.	Алматы қ. ҚДБ ШЖҚ «№4 Қалалық клиникалық ауруханасы» КМК	050054, Алматы қ., Түркісіб ауд., Папанин к-сі, 220
7.	Алматы қ. ҚДБ ШЖҚ «№16 Қалалық емхана» КМК	050036, Алматы қ, Әуезов ауд., 12 шағынауданы, 19
8.	Алматы қ. ҚДБ ШЖҚ «№29 қалалық емхана» КМК	Қазақстан Республикасы, 050024, Алматы қаласы, Алағауданы, Зерделі қышам ауданы, 371/3 үй
9.	Алматы қ. ҚДБ ШЖҚ «№2 Қалалық емхана» КМК	050007, Алматы қ., Медеу ауд., Шұхов к-сі, 37Б
10.	Алматы қ. ҚДБ ШЖҚ «№32 қалалық емхана» КМК	050054, Алматы қ., Түркісіб ауд., Моңғажай к-сі, 33
11.	Алматы қ. ДСБ ШЖҚ «Тері–венерологиялық диспансері» МКК	050057, Алматы қ, Бостандық ауд., Манас к-сі, 65/1
12.	Алматы қ. ДСБ ШЖҚ «Изатима Жекенова атындағы қалалық клиникалық жұқпалы аурулар ауруханасы» МКК	050057, Алматы қ, Бостандық ауд., Байзақов к-сі, 295

Аббревиатураны және қысқартуларды пайдалану: ШЖҚ МКК – шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын; ШЖҚ МКК – шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын; Алматы қ. ДСБ – Алматы қаласы Денсаулық сақтау басқармасы; Ұйымдардың негізгі қызметі – медициналық қызмет. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындарда байқау кеңестеріне сайланатын адамдарға қойылатын талаптар жоғары білімнің, сондай-ақ мынадай талаптардың біреуінің болуын қамтиды: денсаулық сақтау саласында немесе ұйымның және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық бейіні бойынша кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесінің болуы; 2) денсаулық сақтау саласында немесе ұйымның бейіні және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) басшы лауазымдағы құқық бойынша кемінде 3 жыл жұмыс тәжірибесінің болуы; 3) денсаулық сақтау және (немесе) экономика және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы қоғамдық бірлестіктерге мүшелік етуін қамтиды. Байқаушы кеңестің мүшесі ретінде: 1) өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар; 2) осы заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан астам заңды тұлғаның басшысы болған; 3) бұған дейін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған; 4) байқаушы кеңестің басқа мүшесімен немесе мемлекеттік кәсіпорынның басшысымен жақын туыстық сипаттағы қатынастағы тұлға сайланбайды. Конкурсақа қатысуға ниет білдірген адамдар үшін конкурсақа қатысу туралы өтініштерді беру мерзімі конкурсе өткізу бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған күннен бастап отыз күнтізбелік күн өткеннен кейін аяқталады. Конкурсақа қатысу туралы өтінішке қоса берілетін құжаттардың тізбесі: 1) конкурсақа қатысу туралы еркін нысандағы өтініш; 2) мемлекеттік және орыс тілдерінде түйіндеме; 3) еркін нысанда жазылған өмірбаян; 4) кандидаттың жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі; 5) жоғары білім туралы құжаттың көшірмесі; 6) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35 бабына сәйкес қызметкердің еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі; 7) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің аумақтық бөлімшелері берген соттылықтың және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың жоктығын растайтын құжаттар. Конкурсақа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері, алдыңғы жұмыс орнының басшылығынан ұсыныстар) ұсына алады. Конкурсақа қатысуға ниет білдірген тұлғалардың құжаттарын қабылдау күні конкурсе өткізу туралы хабарландыру бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған күннен бастап мына мекенжай бойынша анықталады: ҚР, 050006, Алматы қ., Наурызбай ауд., Қалқаман шағынауданы, 20, тел. 8 (727) 3410666, 8 (727) 2708626, вн. 307, Заң бөлімі 2 қабатта.

ӨРТУРА

12. «Астық сақтандыру компаниясы» АҚ (әрі қарай - Компания) тарату комиссиясы жеке меншік мүліктерін бағалау үшін тәуелсіз бағалау компанияларының арасында байқау жариялайды.

Көрсеткіштер	Саны	Тенгерімдік құны, теңге
Компьютерлік құрал-жабдықтар	19	670 050,65
Негізгі құралдар	22	152 714,88
Барлығы	41	822 765,53
Артығы	36	

Тілек білдірушілер байқау шарттарымен және Компанияның негізгі құралдарының тізімімен жұмыс күндері сағат 10-нан 17-ге дейін танысуға осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде мына мекенжайда танысуға болады: Алматы қаласы, Байғұрсынов көшесі, 122/22, 218-көнесе. Байланыс телефондары: 87016900763, 87016937993.

15. Іздеу саламыз

Балқаш қалалық сотына Қарағанды облысы, Балқаш қаласы, Саяқ кент тумасы Қасымбекова Зауреш Қаукербековна, 10.07.1962 жылы туған, хабар-ошарсыз кеткеніне байланысты қызы Қасымбекова Динара Сабитбековна, 19.02.1983 жылы туған, Қарағанды облысы, Балқаш қаласы, Саяқ кенті, МПС к-сі, 33 үй, 2 пәтер, тел.: 8-777-970-34-69 арыз берді.

Менің анам Қасымбекова Зауреш Қаукербековна 23 тамыз 2020 жылы Аягөз ауданы Емелтау ауылынан Саяқ кентіне қарай қайтып бара жатып, автокөліктен Емелтау ауылынан 50 шақырым жерден түсіп қалған. Белгісіз бағытқа кетіп, осы уақытқа дейін табылмай, із-түзсіз жоғалып кетіп отыр. Ол жайында Балқаш полиция бөліміне арызданып, содан 25 тамыз 2020 жылы ЕРДР №206334031000479 іздеу ісі тіркелген және іздеу ісі Аягөз ауданының полиция бөлімінде де 27.08.2020 жылы тіркелген. Осы уақыттан бастап анамның тағдыры туралы мен ештеңе білмеймін, оны Балқаш полиция бөлімі және өз тарапымыздан да іздегірдік, бірақ ешқандай нәтиже берген жоқ.

3. «ПетроМашЗавод» ЖШС-не, БСН 180640024438, өзіне «Петропавл мұнай газ жабдығы зауыты» ЖШС-нің, БСН 181040004961, қосылуы арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Петропавл қаласы, М.Әуезов көшесі, 264 үй.

4. «Петропавл мұнай газ жабдығы зауыты» ЖШС, БСН 181040004961, өзінің «ПетроМашЗавод» ЖШС-не, БСН 180640024438, қосылуы арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Петропавл қаласы, М.Әуезов көшесі, 264 үй.

5. «Қазақстандық құқық иеленушілердің қоғамы» республикалық қоғамдық бірлестігі (БСН 200240037235) 04.03.2022 ж. ҚР, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Төлебаев көшесі, 117 үй мекенжайында сағат 15.00-де жалпы жиналыстың шақырылатыны туралы хабарлайды.

9. ШҚО МАЭС-нің 01.03.2022 ұйғарымымен «Сәулет LTD» ЖШС-не қатысты, БСН 050440011791, заңды мекенжайы: ШҚО, Алтай қаласы, Тимофеев көшесі, 58-11, оңалту рәсімдерін қолдану туралы азаматтық іс қозғалды.

Талап-шағымдар осы хабарландыру интернет-ресурста жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Өскемен қаласы, Михаэлис көшесі, 24/1, 2-қабат. Тел.: 87772418289.

10. «МКС-Плюс» ЖШС БСН 030140000355 жарғылық капиталдың 8 622 490,4 (сегіз миллион алты жүз жиырма екі мың төрт жүз тоқсан, 4) теңгеге дейін азайтылғаны туралы хабарлайды. Шағым хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай ішінде мына мекен-жай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Талдықорған қ., Жастар ш. а. 42.

ТАРАТУ

2.«MOTO Land» ЖШС, БСН 130740003431 (Қостанай облысы, Тобыл қаласы, Тәуелсіздік көшесі, 44 үй), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қостанай қаласы, Абай көшесі, 241 үй. Тел.: 87015137476.

13. «Ұлттық аккредиттеу орталығы» ЖШС Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 28 маусымдағы №439 қаулысы негізінде тарату рәсімінің басталғаны туралы хабарлайды. Кредиторлардың шағымдары осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде ҚР, Нұр-Сұлтан қ., Мәңгілік ел к-сі, 11 мекенжайы бойынша қабылданады. Анықтама телефоны: + 7 (7172) 98 37 01, e-mail: info@nca.kz

14. «Eco Cheese Astana» ЖШС, БСН 180640025498 өзінің таратылатынын хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданды. Нұр-Сұлтан қаласы, Ш. Қосығұлұлы көшесі, 14/4 үй, 75 офисте қабылданды. Тел. 87477749082

МҰРАҒЕРЛІК

7. 9 ақпан 2022 жылы қайтыс болған Албамбаев Аскардың артынан мұра ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ә.Б.Әкімханға келулерінің керек: Еңбекшіқазақ ауданы,Шелек ауылы, Орынтаев к.,60/2.Тел.87773677972.

11. Сабазбекова Гульжазира Мұқанбайқызының атына берілген пәтерді (Алматы қаласы, Бостандық ауд, Көктем-3 шағ.ауд, 6-үй, 39-пәтер) сату-сатып алу туралы келісімшарттың жоғалған түпнұсқасы (реестер №2026) жарамсыз деп табылсын.

ҚҰЛАҚҚАҒЫС!

ХАБАРЛАНДЫРУ БЕРУДІҢ ТӨТЕ ЖОЛЫ
Онда біздің редакцияға
хабарласыңыз!

ХАБАРЛАНДЫРУ БЕРУ ҮШІН «ЗАҢ»
МЕДИА-КОРПОРАЦИЯСЫНЫҢ ЖАРНАМА
БӨЛІМІНЕ ХАБАРЛАСЫҢЫЗ
NEMESE ZANREKLAMA@MAIL.RU



ТЕЛЕФОН: 292 29 27, 8 747 200 22 58,

Жамбыл облысының судьялар қауымдастығы және ардагерлері Жамбыл облыстық сотының судьясы Мамытбеков Оспан Мұсабекұлына анасы

Жұпаргүл Есқожақызының

мегілсіз қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарына қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы

Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:

zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetlyisaiy.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 208 кеңсе.

«KAIIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kalydybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-көңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.

Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18, 8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұргисынұлы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-ai@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. argawka_94@mail.ru. Тел.: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 870584147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Өйтеке би көшесі 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татыяна.

ЖК «Выйдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

(Жалғасы. Басы газеттің №17 санында)

Осылай деп жұбайы Салтанатты сабырға шақырып, жұбатып бақса да, өзінің іші жидіп, жүрегі үсік шалғандай дірдек қаға береді. Хабар болмаған сайын күдік шіркін ұлғая бере ме қалай? Жұмысқа қолы бармады. Үстел үстіндегі 1998 жылғы күнтізбенің парағын қайта-қайта ауыстырып, күн санап, аптаны әрең болдырды. Сыбыс жоқ, тым-тырыс. Не тірісін, не өлісін білмейді. Үйдегі бар қуаныш, бар шаттық Батырханмен бірге қопарыла көшіп кеткендей. Әжесі көкірегін қарс айырып ахылап-үхілеуді жиілеткен. Мамасының болса да көз жасы дайын.

Облыстық, қалалық полиция, ұлттық қауіпсіздік комитеті қылмыскерді ізде-стіруде. «Өрі кеткенде бір аптада үйдің телефонына хабарласады» дейді ҰҚК-нің қызметкері, капитан Әділ Атабаев. Май-ор Бауыржан Ахантай, капитан Ағаділ Смайлов, капитан Балабек Сыздықов үшеуі, егер хабарласа қалған күнде қалай сөйлесу керегін айтып, пысықтап қойған. Кей сөзін естімеген бола қалып, әңгімені жорта соза түскен жөн дейді. Полицияға хабарламауға, сұраған ақшасын түгел беруге келісе берген дұрыс екен. Сөйтіп тұрып, реті келгенде өз шартынды айту да артық емес көрінеді. Мысалы, баланың дауысын естірт деп талап қоюға болады. Әңгімені неғұрлым соза түссе, оның хабарласып тұрған жеріне тезірек жету-ге, бақылауға алуға мүмкіндік молырақ болмақ екен.

Мейлі ғой, өзі де бала емес, жасы қырққа кеп қалды. Үлкен ақшамен жұмыс істеп, ұжым басқарып ысылған жайы бар, сабырмен сөйлеспей не көрініпті. Тек сол зарықтырмай хабарласса екен деп тілейді. Телефонның әрбір қоңырауына елеңдеп, өзінің де шыдамы түгесіліп барады.

Бүгін де көшеге шыға алмай үздіге қоңырау күтіп үйде отыр еді, телефон шыр ете қалды.

– Асқар ма? – деді біреу арғы жақтан. Дауысы қатқыл.

– Иә мен, Асқар.
– Асқар болсан тыңдап ал! Сенің ұлын біздің қолымызда.
– Аман ба? – деді Асқар қуанып.
– Егер аман-есен көргің келсе, отыз мың дайында. Доллармен.
– Доллармен?
– Әрине, доллармен! Әйтпесе бала жоқ саған!

Телефонды үзіп жіберді. «Аман екен!» деп, телефон жанындағы орындыққа сылқ етіп отыра кетіп еді, осыны күткендей үйге майор Бауыржан Ахантай кіріп келді. Жанында капитан Әділ Атабаев бар. Екеуі де ҰҚК-нің қызметкері.

– Не деді?
– Отыз мың доллар дейді.
– Апитеті апитет-ақ екен. Қалада мынау деген үш бөлмелі пәтер үш мың доллар, – деді Бауыржан басын шайқап.
– Енді ызбандағанда баланың дауысын естірт дерсіз.

Күштік құрылымның осы үйге қоңыраулатқан телефон нөмірлерін андығалы қашан. Соны сезе ме, қылмыскер сөйлесуді бір минуттан асырмайды. Асқар да ешқайда шықпай, үйде телефон күзету-мен отыр. Шылдырласа жетіп барады.

Таң ата аппарат безілдеп қоя берді.
– Тыңдап тұрмын.
– Ақша дайын ба?
– Дайын! Қайда апарайын?
– Күт. Сосын айтам.
Байланыс үзіліп кетті.

Үшінші қоңырау түске қарай соғылды. Асқар тұтқаны көтеріп, құлағына апарып, үнсіз тұрып қалған.

– Асқар!
– Айта бер. Тыңдап тұрмын.
– Ақшаны алып бірінші аптекаға кел! Ескертіп қоййын, менттерге хабарлайтын болсаң балаңа көнец. Түсіндің ба?
– Түсіндім.
– Қасында ешкім болмасын.
– О жағынан қам жеме.
– Егер мен жіберген курьер бірденеге ұшырап қалса, айтпады деме, балаңмен қоштасасың!
– Біз деген еркекпіз ғой. Маған ұлым-ды аман-сау қайтарсаң болды. Сенде шатағым жоқ.
– Давай, қимылда!

Ұшып отырып бірінші дәріханаға жетті. Бірі кіріп, бірі шыққан халық. Жайбарақат. Есіктің алдында жан-жағына қарап біраз тұрды. Ішке кірді, қайта шықты. Жаныма жақындап біреу келе ме деп алаң. Жоқ. Ешкім жоқ. Бір сағаттан астам тенселіп жүріп-жүріп, үйге бос қайтты. Үйге келсе, телефон безек қағып жатыр.

шы аптекаға кел!»

«Қылмыскер Ақмешіт ауданынан байланысқа шықты. Алтыншы аптекаға шақырып жатыр».

Асқарға түсетін қоңырауларды бақылап, жазып алып отыратын Жетінші басқарманың тыншы қызметкері қоныраудың қай ауданнан соғылғанан айтып,

ҚЫЗЫЛОРДАША



КИДНЕПИНГ

– Алло!
– Сен келісімді бұздың!
– Қалай бұздым? Бардым ғой кел деген жеріңе. Есіктің аузында тұрдым.
– Білем. Бірақ сол жерде менттер қаптап жүрді. Сен айтпасаң, қайдан біледі олар.

– Мен мент көрмедім.
– Сен көрмесең, біз көрдік. Келесіде осылай болса, балаңмен қоштаса бер. Соңғы рет ескертем.

– Баламның дауысын естуім керек. Қашан?
Сенбей тұрсың ба?
– Иә сенбей қалдым.
– Қазір «Универсамның» қарсысындағы үйдің бірінші подъезіне кіресің. Тоғызыншы пошта жәшігін қарайсың. Сосын сенесің, – деді. Одан арғысы қысқа зыңылға ұласып кетті.

Айтқан үйдің пошта жәшігінен тапқаны кітап пен дәптер. Батырханның кітап-дәптері. Дәптер сыртына ұлының өз қолтаңбасы. «Айналайын-ай!» Жүрегі елжіреп, дәптерді еріксіз ерніне апарды.

Облыстың күштік құрылымы аяғынан тік тұрғалы бүгін он алтыншы таң атты. Қылмыскерді өзі ұсталмаса да, оның елесі Қызылорда ішінде кезіп жүргеніне көз жеткен. Қиялшыл жазушының көрінібейтін кейіпкеріндей қаланың ана басынан бір, мына басынан бір телефон соғып, сан соқтырып кете береді.

Баланы ұрлаған неше адам деген сұраққа әзірге жауап жоқ. Асқармен сөйлесіп жүрген бір ғана дауыс. Егер мұғалима апайдың сипаттағанын ескермесе, таза орыс деп қалғандайсың. Орысшасы мүлтіксіз. Әлде мұғалима жаңылысып тұр ма? Ғалымжан Ахметұлының болжауынша үшеу болуы мүмкін. Талап етілген ақшаның отыз мың болуы соның белгісі сияқты. Бірақ бұл болжамға да малданып қалу қате. Дегенмен жалғыз да емес.

Онысы рас боп шықты. Он алтыншы күні соғылған қоңыраудан естілген дауыстың екінші адамдікі екеніне күман қалмады.

«Кіммен сөйлесіп тұрмын» деді телефон соққан адам түйеден түскендей дүрс еткізіп.

«Мен, Асқармын, сен кімсің?» деген Асқардың дауысы естілді.

«Асқар болсаң ақшаны алып, алтын-

қалалық ішкі істер бөлімінің ғимаратында отырған жедел тергеу тобына хабар тастады.

– Не дейсің, естілмеді? дейді Асқар.
– Алтыншы аптекаға кел! – Бұл қылмыскердің дауысы.
– Ақшаны апарайын ба?
– Ақшаны әкелмесең, баладан айырыласың!

– Әрине, әрине, апарам. Бір сұрағым бар еді?

– Маған сұрақ қойма!
– Балам аман ба? Қарны ашып қалған жоқ па?

– Көп сөйлеме, айтқан жерге кел! Алтыншы аптека. Курьерді аптеканың ішінде күт!

Асқар тағы әлдене демек еді, анау тұтқаны қоя салды.

Полиция мен ҰҚК-нің жедел уәкілдері Ақмешіт шағын ауданын тоғуылдап, бақылауға алып үлгерген. Күдікті адам ешкімнің көзіне түспеді. Такси ұстап тайып тұрды ма екен?

Мақсат – оларды тура мағынасында құрықтау емес, бақылауға алу. Қайда барады? Кіммен байланысады? Соны анықтау. Егер біреуі қолға түсіп қалса, қалғаны баланы мерт етуі әбден мүмкін. Сондықтан абайлап қимылдау керегін ішкі істер басқармасының бастығы Тас-темір Рахимов те, ҰҚК-нің бастығы, полковник Нұрахмет Ералиев те жауапты адамдарға қатаң тапсырған.

Алайда көрінбейтін қылмыскер, сол көрінбеген күйі жұмбақ болып қала берді.

Белін буып, пакетке салып дайындап қойған ақшаны ала сала, алтыншы дәріханаға жетті. Дәріханада адам көп емес, кезекте тұрғаны төрт-бесуе ғана. Алақтап жан-жағына қарады. «Курьері қайда екен?». Көшеге шығып қайтып оралды. Дәрі сағатын терезе алды босап қалыпты. – Ағай, – деген қыздың сүйкімді дауысы естілді. Дәріханашы екен. – Сіз Асқар ағасыз ба?

– Иә, қарындасым, не болды?
– Емханадан соғып тұр, сізді іздеп. Жаңылысыппын дейді. Сіз басқа дәрі алуыңыз керек екен.

– А-а, дәрі... – деп абдырап қалған Асқар шақырып тұрған дәрігер емес анау екенін түсіне қойып, терезеге үңілді. – Иә, қарындасым, көне...

– Асқар! – деді таныс дауыс. Соңғы телефон соққаны емес, оның алдындағысы.

– Ау!
– Молодец, бұл жолы өзің ғана келіпсің. Енді сен ЖД вокзалға жет. Старый переезд жакта пожарный пойыз тұр. Запас жолда.

– Асқар! – деді таныс дауыс. Соңғы телефон соққаны емес, оның алдындағысы.

– Ау!

– Молодец, бұл жолы өзің ғана келіпсің. Енді сен ЖД вокзалға жет. Старый переезд жакта пожарный пойыз тұр. Запас жолда.

Сол сәт онтүстікке бағыт алған пойыз қышқырып-пысқырып, тарсылдап-гүрсілдеп келіп қалғаны. Онымен келіскендей-ақ, солтүстік бетгі көздеген екінші пойыз қарсы ұшырасты. Қарама-қарсы келген екі пойыз темір жол маңайын мыңдаған тонна темірдің салдыр-гүлдіріне толтырып жіберді де, құйрықтарын бір-бір бұлап, ілезде алыстап кетті. Со-надайда андып жатқан арнайы қызметкер екі состав аралығында қалған қызыл пойызға ілінген пакеттің осы сәт ғайып болғанын аңдады. Жаңа ғана, пойыз өтпес бұрын ап-анық көрініп тұрған. Пойызбен қабаттаса келіп іліп әкетпесе. Тірі жан жорғаламаған сияқты еді ғой. Дәл осы мезгілде қарама-қарсы пойыз өтетінін қалай есептеген десейші. Пойыз өтіп кеткен соң да ол маңға аттап аяқ басқан тірі пенде байқалмады.

Біраздан соң операцияны басқарушы командир қызыл пойыз маңына маскүнем кейпіндегі арнаулы қызметкерін жіберді. Ол сүрініп-қабынып жетті де, қызыл пойыздың көлеңкесіне тізе бүкті. Пойыздың есігі сырт етіп ашылды. Іштен екі жігіт шықты. Үстерінде темір жолдың жұмысшы формасы. Маскүнемді көріп қалып, қолындағы қызыл пакетті қойнына тыға қойған біреуі бүгезектеп теріс қарап кетті.

– Мужики, – деді маскүнем оларды көрген соң орнынан үш ұмтылып әрең тұрып. – Бас сынып баратыр. Жиырма теңге бере алмайсыңдар ма? А-а?

– Баршы әрі, – деді екеудің бірі жекіп.
– Қойдым, қойдым. Тым болмаса, темекі берші, – деп маскүнем соңынан қалар емес.

– Ма, ұста.
Ұзын бойлысы бір тал сигаретті шертіп лақтырды.

– Рақмет, братан.

Көлеңкеге қайтадан жалп етіп отыра кеткен маскүнем салтақ-салтақ жағасының астындағы рацияны қосты да: «Қызыл пакет осыларда» деді.

Екі жігіт болса, асығар емес. Темекісін бұрқыратып, жайлап басып келеді. Ара-тұра әр тұсқа бір тоқтап, әлдебір мәселені шеше алмай келе жатқандай қолдарын сермеп қояды. Бала ұрлап, бопсалап ақша алатын адамдарға ұқсамайды. Ауық-ауық жан-жағына жалтақтап қарап қоятыны болмаса, қарызға берген ақшасы қайтып, көңілі бірленген жандардай жайбарақат. Бекет маңынан кететін ойлары жоқ сияқты ма қалай? Тенселіп айналып жүр. Мүмкін ақшаны бұлардан тағы біреуі келіп алатын болар? Әрпі-берлі жүрген екеу енді билет кассасы орналасқан ғимаратқа бет алды. Сонында андушы. Олар ешқайда бұрылмай, бекеттегі желілік полиция пунктіне бас сұқты. Біраздан соң қайта шықты. Олардың сондарынан андушының екеуі кетті де, үшіншісі мән-жайды білу үшін полиция пунктіне бұрылды.

– Жаңағы екеуі кім? – деді өзін таныстырған соң сұрақты төтесінен қойып.

Пункттегі қос полиция қызметкері ол екеуінің бір пакет доллар тауып алғанын, оны алып кетуге қорқып, осында әкеп өткізгенін, олардың кім екені анықталып, акт жасалғанын баяндады.

– Түсіндім. Долларға не болыңдар, – деді арнаулы қызметтің адамы. Сөйтті де лып беріп сыртқа шығып кетті.

Асқар қызыл пойызға пакетті ілген соң, кідірмей үйге тартқан-ды. Ақшаны алған соң Батырханды қайтарып тиіс деген үміті зор. Неше күннен бергі ырың-жырың келісім осымен бітетініне сенімді. «Полиция мен комитет не қып жатыр екен? – деп ойлады бір мезет. – Ізіне түсті ме екен? Ізіне түсем деп баладан айырылып қалмасам етті».

Өзін осындайға мәжбүрлеп қойған қылмыскерге зығырданы қайнаудай қайнайды-ау! «Кейін, бір заманда кездессем ғой, – деп еріксіз ойлап кетеді. – Бәлкім ұшырасармын. Шіркін-ай, сондай мүмкіндік туса... шайнап тастар едім-ау! Сонда бір кегім қайтар еді-ау! – Ол ойынан тез айнады бірақ. – Оларды Алла жазалайды. Алла жазасыз қалдырмайды! Аллаға сенем!»

Әмірбек ШАЙМАҒАМБЕТОВ

(Жалғасы бар)

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Нұр-Сұлтан	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13. Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84. Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83. Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80. Жазира Әбіл 8 702 514 54 44. Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86. Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59. Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Алматы облысы	
Ақтөбе облысы	
Атырау облысы	
Маңғыстау облысы	
Қызылорда облысы	
Түркістан облысы	

Батыс Қазақстан облысы	Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.
------------------------	---------------------------------------

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zankreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 8019 дана
Апталық таралым 16 038 дана

Тапсырыс №30 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.
Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты та-лап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.
Газетті есепке қою туралы №16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтар-да Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.
Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31